

№3 (7) 2024

Алтынсарин Академиясының

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Академии Алтынсарина



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство просвещения Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И.Алтынсарина

Алтынсарин Академиясының
ХАБАРШЫСЫ
Әдістемелік журнал



ВЕСТНИК
Академии Алтынсарина
Методический журнал

№ 3 (7) 2024

Басылымның кезеңділігі -
жылына 4 рет шығады

Периодичность издания –
4 номера в год

№ KZ35VPY00064971 есепке қою,
қайта есепке қою туралы
КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет, переучете
№ KZ35VPY00064971

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінде берілген

Выдано Комитетом информации
Министерства информации и общественного
развития Республики Казахстан

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:

білім беру саласындағы оқу-әдістемелік,
ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық
-сараптамалық, педагогикалық
инновациялық тәжірибелерді тарату
бойынша материалдар жариялау

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:

публикация материалов по распространению
учебно-методического, научно-практического,
информационно-аналитического,
педагогического инновационного опыта в
области образования.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Каратабанов Р. А. – бас редактор
Смайлов С. Ш. – философия докторы (PhD),
бас редактор орынбасары
Актанова А.С. – ф.ғ.к.
Галимжанова М.А. – п.ғ.к., доцент
Гриневицкая А. – психология докторы,
доцент (Польша)
Искакова М. О. – философия докторы (PhD)
Караев Ж. А. – п.ғ.д., профессор
Мазбаев О. Б. – г.ғ.д., профессор
Нурумжанова К. А. – п.ғ.д., профессор
Сырымбетова Л. С. – п.ғ.к., профессор
Танирбергенова А. Ш. – п.ғ.к.
Фахрутдинова Г. Ж. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аушахманова Б. Т. – педагог-шебер, магистр
Усерова Ш. А. – педагог-шебер, магистр
Сатыбалдин А. С. – магистр, жауапты хатшы

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Каратабанов Р. А. – главный редактор
Смайлов С. Ш. – заместитель
главного редактора, PhD
Актанова А.С. – к. филол.н.
Галимжанова М.А. – к.п.н., доцент
Гриневицкая А. – доктор
психологии, доцент (Польша)
Искакова М. О. – доктор философии (PhD)
Караев Ж. А. – д.п.н., профессор
Мазбаев О. Б. – д.г.н., профессор
Нурумжанова К. А. – д.п.н., профессор
Сырымбетова Л. С. – к.п.н., профессор
Танирбергенова А. Ш. – к.п.н.
Фахрутдинова Г. Ж. – д.п.н.,
профессор (Россия)
Аушахманова Б. Т. – педагог-мастер, магистр
Усерова Ш. А. – педагог-мастер, магистр
Сатыбалдин А. С. – магистр,
ответственный секретарь

Материалдардың анықтығына
авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды
қабылдамауға құқылы.

Ответственность за достоверность
материалов несут авторы.
Редакция оставляет за собой
право отклонять материалы.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

1

Білім беру саясаты Образовательная политика

Танирбергенова А.Ш., Мағауия А., Казбекова Д.Х., Келдибаева Г.Е.
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру тетіктері..... 4

Таипова М.К., Калачева И.В.
Педагогическая поддержка родителей:
опыт Казахстана и перспективы развития19

2

Оқыту әдістемесі: тәжірибе және жаңашылдық Методика обучения: опыт и новаторство

Анисимова Г.А.
Развитие нетворкинг-навыка у учителей
в рамках учебно-методической работы.....26

Багрий Ю.А., Жондыбаева М.С.
Применение CLIL-технологии на уроках русского языка
и литературы в классах с казахским языком обучения.....35

Бостанова Д.К.
Повышение читательского интереса
школьников посредством буктрейлера 44

Нурхаева А.Е., Касенова Г.Т.
Тарих пәнін құндылықтарға негіздеп оқытудың әдіс-тәсілдері.....51

Оспанова Г.Е., Алпысбекова Г.А.
Кроссенс тәсілі арқылы тілдік дағдыларды қалыптастыру жолдары.....59

Әдістемелік компас / Методический компас 70

Құттықтаулар / Поздравления.....76

1

БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА



FTAMP 14.25.05

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Танирбергенова А. Ш., Мағауия А.

Ы.Алтынсарин атындағы

Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Казбекова Д. Х.

Солтүстік Қазақстан облысы «Әдістемелік орталық» КММ, Петропавл қ.

Келдибаева Г. Е.

«Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының

оқу-әдістемелік орталығы» КММ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев ұсынған «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеясының негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру тетіктері қарастырылған. Мектеп жасындағы білім алушылардың патриоттық, адамгершілік, еңбекқорлық жаңашылдық және әділдік құндылықтарын бойына сіңіру жолдары талданды. Бағдарламада ұсынылған білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және қоғамда табысты әлеуметтенуіне бағытталған іс-шараларға сапалық талдау жасалды. Сонымен қатар құндылықтарға бағдарланған құзыреттілік тәсілді қолдану арқылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының жаңа тәсілдері мен тетіктері талқыланды.

Бұл жазба мүдделі мемлекеттік органдар мен білім басқармалары мамандары, әдістемелік орталықтардың әдіскерлері мен мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері мен барлық санаттағы педагогтер, педагогикалық ЖОО студенттері мен көпшілік оқырмандар үшін пайдалы болады деген ойдамыз.

Түйінді сөздер: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, құндылықтар, құзыреттілік, жоба, рухани-адамгершілік қасиет, патриотизм, адалдық.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атауымен өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында мемлекетті модернизациялау бастамаларына баса мән берген болатын [1]. Мемлекет басшысының бастамалары «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғымы арқылы сипатталды. Аталған ұштағанның құрамдас бөліктері бір-бірімен тығыз байланысты және өзара шартталған. Бұл – заң мен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететін, күшті демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділ мемлекетті қалыптастыруға бағытталған елді модернизациялау тетіктері.

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштігінің идеясы қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеуге арналған. Бұл идеялар әрбір азаматқа өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділ, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Бұл ұштаған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Мақаланың мақсаты – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылу тетіктерін негіздеу және талдау. Осы ретте зерттеудің міндеттері келесі болып табылады:

1. Тәрбиеде құндылыққа бағдарланған көзқарасты қалыптастырудың негізгі тетіктерін анықтау;
2. Білім алушылардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін тәрбие жұмысында құзыреттілік тәсілдің маңыздылығын дәлелдеу;
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің жүйелі және кешенді жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар беру.
4. Бағдарламаны жүзеге асыруда кездесетін проблемаларды талдау және оларды шешу жолдарын ұсыну.

Егеменді еліміздің тәрбие саласында басшылыққа алатын негізгі нормативті құжаттарына Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [2], «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы [3], «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы [4], Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы» Ережесі [5], Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығы [6] жатады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес 2024 жылғы 30 маусымда ҚР Оқу ағарту министрінің №194 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылыққа бағдарланған және құзыреттілікке негізделген тәсілдемелер негізінде білім алушының жеке басын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі қағидалар мен мақсаттарды айқындайды.

Бағдарламаның мақсаты:

рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- ▶ отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- ▶ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

- ▶ адалдықты, әділдікті, мейірімділікті, қамқорлықты, қайырымдылықты және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;
- ▶ табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- ▶ өз елі үшін мақтаныш сезімін және оның жетістіктерін тәрбиелеу;
- ▶ отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру;
- ▶ өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуды дамыту;
- ▶ білім алушыларды әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- ▶ мінез-құлық пен басқалармен қарым-қатынаста адалдық пен әділеттілікке тәрбиелеу;
- ▶ өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті дамыту;
- ▶ еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты қалыптастыру;
- ▶ біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- ▶ әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- ▶ білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық климат құру;
- ▶ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау;
- ▶ отбасын тәрбие процесіне тарту.

Биылғы жаңа оқу жылында барлық білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы құндылықтарға негізделген жаңартылған

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүзеге асады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылыққа негізделіп отырып, білім алушылардың дүниетанымын, мінез-құлқын және қоршаған әлемге деген көзқарасын анықтайтын құндылықтар жүйесін қалыптастыруға негізделген. Білім алушылардың моральдық таңдауын, мінез-құлқы мен қызметін айқындайтын негізгі құндылықтар тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық болып табылады. Негізгі құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі тәрбие мазмұнын көрсетеді және білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту бірлігін қамтамасыз ету үшін білім беру мазмұнына біріктіріледі. Негізгі құндылықтар барлық жалпы білім беретін пәндердің, сыныптық және сыныптан тыс іс-шаралардың ажырамас бөлігі болып табылады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының электронды толық нұсқасы Алтынсарин академиясының ресми сайтына орналастырылған. Сілтемесі: https://uba.edu.kz/storage/app/media/BIRTUTAS_TARBIE_KAZ%20new%2005.08.2024.pdf

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру – білім алушылардың жан-жақты дамуы мен болашақ табысы үшін қажетті адамгершілік және рухани қасиеттерін қалыптастырудағы іргелі қадам. Осы бағдарламада білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын дамытуға бағытталған негізгі мақсат пен міндеттер айқындалған.

Бағдарламаны іске асыруда құндылықтарды білім мазмұнына интеграциялау, қолдау көрсететін білім беру ортасын құру, ата-аналармен және қоғамдастықпен белсенді өзара іс-қимыл жасау маңызды, бұл білім алушылардың саналы азамат ретінде өсуі үшін қажетті патриотизм, жауапкершілік, еңбекқорлық және

жаңашылдық сезімін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған идеясы қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеуге арналған.

Бұл идеялар әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділ, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Бұл идеялар мен құндылықтар «Біртұтас



Сурет 1 – Тәрбие ұштағанының идеологиялары

тәрбие» бағдарламасының негізіне айналады және құндылыққа бағдарланған құзыреттілік тәсілдер негізінде білім алушының жеке басын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсаттар мен қағидаларды айқындайды. Олар білім алушылардың қазіргі қоғамда табысты өмір сүруі үшін қажетті дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ете отырып, оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды біріктіруге бағытталған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын деңгейлер бойынша іске асырудың тәсілдемесі.

Білім беру ұйымы деңгейінде:

- ▶ білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа бағдарланған тәрбиені жоспарлаудың тұтас тәсілін енгізу;
- ▶ сынып / кураторлық сағаттарды оқу-тәрбие процесінің толыққанды және ажырамас құрамдас бөлігі ретінде анықтау;
- ▶ бағдарламаның құндылықтарына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын байыту (мемлекеттік және ұлттық мерекелерге байланысты іс-шаралар);
- ▶ елдегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар;

- ▶ оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар;
- ▶ олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері;
- ▶ отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық нысандарын кеңейту;
- ▶ тәрбие жұмысына мектепшілік бақылауды жүйелі түрде жүргізу.

Педагогтер деңгейінде:

- ▶ Бағдарлама құндылықтарын оқу-тәрбие процесіне интеграциялаудың неғұрлым тиімді тәсілдері талқыланып, үздіксіз даму және ынтымақтастық мәдениетін құру;
- ▶ Бағдарлама құндылықтарының сабақ мазмұнына үйлесімді интеграциялануын қамтамасыз ету (пәнаралық және ішкі байланыстарды қамтамасыз ету, тиісті мәтіндерді, тапсырмалар мен міндеттерді таңдау);
- ▶ жобалық жұмысты оқу-тәрбие процесіне біріктіру;
- ▶ сабақтан тыс қызмет түрлерін кеңейту (акциялар, қайырымдылық және
- ▶ волонтерлік іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, туристік сапарлар мен мұражайларға бару, шақырылған стейкхолдерлермен кездесулер және т. б.);

Отбасымен ынтымақтастық деңгейінде:

- ▶ ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тарту (құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуы мен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау);
- ▶ білім алушының даму динамикасын қадағалау және сапалы кері байланыс беру үшін жаңа форматтағы ата-аналар жиналыстарын (білім алушылармен бірлесіп жеке және топтық консультациялар, педагогикалық кон-

силиумдар, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ бөлмелері) өткізу;

- ▶ ата-аналардың педагогикалық мәдениетін тәрбиелеудің өзекті тақырыптары бойынша бірлескен іс-шараларды, ата-аналар дәрістерін ұйымдастыру және жасөспірім білім алушылармен өзара іс-қимыл жасау арқылы арттыру.

Бағдарламаны іске асыру үшін қолайлы білім беру ортасын құру:

- ▶ білім беру ұйымының қауіпсіз, жайлы физикалық ортасын қамтамасыз ету;
- ▶ «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарын қолдайтын білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін этикалық нормаларды белгілеу;
- ▶ барлық білім алушылардың жеке әлеуетін дамытуға ықпал ететін инклюзивті орта құру;
- ▶ педагогтер, білім алушылар мен ата-аналар/немесе заңды өкілдер арасында маңызды және сыйластық қарым-қатынас орнату;
- ▶ ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту арқылы білім алушылардың әл-ауқатына жағдай жасау.
- ▶ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарына сәйкес шығармашылық пен жасампаздық үшін пәндік-кеңістік ортаны байыту;
- ▶ білім алушылардың өзара әрекеттесу мен бірлескен шығармашылық әрекетке дайындығын ескере отырып, олардың белсенді қатысуы үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолдану;
- ▶ идеяларды, пікірлерді, тұжырымдарды білдіруге мүмкіндік жасау;
- ▶ ата-аналармен ашық және жағымды қарым-қатынасты дамыту;
- ▶ мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту үшін ата-аналарды мектеп өміріне қосу;

- ▶ ата-аналарды мектеп ортасын түрлендіру стратегиясын құруға және жүзеге асыруға тарту.
- ▶ білім алушылардың білім беру мүмкіндіктерін кеңейту үшін стейкхолдерлермен ынтымақтастықты орнату және қолдау және әрбір білім алушының жетілген тұлғаны қалыптастырудағы әл-ауқаты мен табыстылығына қамқорлық жасауда қолдау көрсету, толыққанды өзін-өзі жүзеге асыру;
- ▶ білім алушылардың әлеуметтік дамуына және олардың қоғам өміріне қатысуына бағытталған мектеп жобалары мен іс-шаралар жүйесін ұйымдастыру.
- ▶ адалдықты және заңның үстемдігін сақтауға деген адалдықты көрсете отырып, қоғамның нормаларын құрметтеу және ұстану;
- ▶ инновациялық ойлау – жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу
- ▶ және кедергілерді еңсеруде, жаңа дағдыларды игеруде және өз әлеуетін толық іске асыруда еңбекқорлық таңытуға дайын болу, сол арқылы оларды болашақ бастамаларында табысқа жетуге дайындау;
- ▶ шығармашылық – бұл идеялар мен проблемаларды шешуде дәстүрлі емес тиімді әдістер арқылы контекстке сәйкес генерациялау қабілеті.

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Ұсыныстар

Құзыреттілік тәсілдемені іске асыру шеңберінде негізгі құндылықтарды тәрбиелеу барысында білім алушыларда тұлғалардың моделін айқындайтын негізгі құзыреттер дамуы тиіс. Ол қандай құзыреттер? Нақты айтқанда, бағдарламада көзделген құзыретте сипаттамасы:

- ▶ ұлттық мүдде – бұл, Отанының дамуына үлес қосуға, өз елінің ұлттық
- ▶ мүддесін қорғауға және дамытуға дайын болуды білдіреді;
- ▶ қарым-қатынас, эмпатия, топтық жұмыс және жанжалдарды шешу дағдылары арқылы түрлі әлеуметтік ортадағы инклюзивтілік пен бірлікке ықпал ете отырып, басқалармен тиімді ынтымақтасуға дайын болу;
- ▶ қоғамға қызмет ету – этикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан
- ▶ қолайлы тәжірибелерді қолдана отырып, қоғамның дамуына ерікті үлес қосуға дайын болу;
- ▶ азаматтық парыз – бұл, ең алдымен, этикалық мінез-құлқы,

Құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемеге негізделген тәрбие бірін-бір толықтырып, өмірлік сын-қатерлерге төтеп бере алатын және табысты әлеуметтенуге дайын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі түрде іске асырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сыныптық және сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы жүргізіледі.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен күнделікті 15 минут ішінде өзекті адамгершілік тақырыптарда жеке әңгіме өткізуі.

Барлығы 77
Сынып сағаты 34/33
Мектепшілік шаралар 43

Қыркүйек «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы	Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы	Қараша «Өділдік және жауапкершілік» айы	Желтоқсан «Бірлік және ынтымақ» айы
Қаңтар «Заң және тәртіп» айы	Ақпан «Жаңашылдық және жасампаздық» айы	Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы	Сәуір «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы
Мамыр «Бірлік және ынтымақ» айы	Маусым «Жаңашылдық және жасампаздық» айы	Шілде «Заң және тәртіп» айы	Тамыз «Заң және тәртіп» айы

Сурет 2 – Құндылыққа негізделген ай атаулары

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) күнделікті ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – үзіліс кезінде қоңыраудың орнына арнайы күй күмбірін тыңдату.

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы, соның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі не-

гіздерін зерделеу туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут уақыт бөлінеді.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлқыл мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- ▶ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ▶ Буллингтен қорған!
- ▶ Ойынға салауатты көзқарас;
- ▶ Өмірге салауатты қадам;
- ▶ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ▶ Қауіпсіз қоғам.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы шеңберінде сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа тұтыну жөніндегі мамандармен пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.

Буллингтің алдын алу мақсатында сынып сағаттары барысында «Буллингтен қорған!» қарым-қатынас дағдылары, эмо-

цияларды басқару және қақтығыстарды шешу, өмірлік жағдайларға байланысты жағдаяттарды шешу, тренингтер мен кейс-сессияларын өткізу ұсынылады.

«Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын алу, лудомания туралы бейнероликтер қарауды, сынып сағаттарында топтық талқылауларды ұйымдастыруды, салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша мектепшілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.

«Өмірге салауатты қадам» алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткілердің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдерді көруді ұйымдастыру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бой-

ынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.

«Қоғамдық мүлікті қорға!» вандализмнің алдын алу бойынша сынып сағаттарында топтық талқылауларды ұйымдастыруды, вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар жасауды, мәдени ескерткіштерді қиратудың зияны туралы мектепшілік әңгімелер өткізу жемісті нәтиже береді.

«Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. байланысты негізгі нормаларын түсіндіру үшін ішкі істер органдары мен прокуратура өкілдерімен сынып сағаттарында кездесулер өткізуді, нәтижесінде адам бас бостандығынан айырылған заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар туралы бейнероликтерді қарауды жоспарлайды.

Сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында келесі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру ұсынылады:



«ҚАМҚОР» жобасы

Мақсаты: Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет
- «Жер сағаты» экологиялық акция
- «Түлектердің ағаш егуі» эчеллендж
- «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акция






Сурет 3 – «Қамқор» жобасы

«Қамқор» – әлеуметтік жобаны жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дамыту. Жоба аясында білім беру ұйымдарына қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет шеңберінде табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып, жемшөп пен құс қораларын құру арқылы білім алушыларды тарту ұсынылады. Волонтерлік іс-шараларға ата-аналар қауымдастығын тарту және жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекеттесу ұсынылады. Сонымен қатар жобаны іске асыруда «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» экокелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен

ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалану міндеттемесін білдіреді.

«Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-ші сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызудан тұратын челлендж ұйымдастыруды көздейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарға (саябақтар, скверлер) күтім жасау акциясы.



«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» жобасы

Мақсаты: білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Күзгі асар» жәрмеңкесі
- Мамандықтар әлемі
- Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым
- «Мамандық марафоны» конкурсы

Сурет 4 – «Еңбегі адал - жас өрен» жобасы


«Еңбек адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген

қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштік идеясын дамыту арқылы құн-

дылықты қалыптастыру. Жоба «Күзгі асар» жәрмеңкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріндегі жарияланымдарды өткізу арқылы жүзеге

асырылады. «Күзгі асар» жәрмеңкесін өткізу кезінде білім алушыларға күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман ғажайыптарын пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасалған өз қолөнерін таныстыру ұсынылады. «Мамандық әлемін» өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын жасауды қамтиды. «Мамандықтар марафоны» байқауы әр түрлі мамандықтардағы ең

жақсы маманды анықтауға бағытталған (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық) өзінің шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тарту кеңес беріледі. Мектептің әлеуметтік желілерінде жариялау білім алушылардың әртүрлі мамандықтардың өкілдерімен сұхбат әзірлеуді және оны мектептің әлеуметтік желілерінде орналастыруды қамтиды.



«ШАБЫТ» жобасы

Мақсаты: білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Челлендж «Даналық ұстаздан»
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі
- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі
- Мектеп театры
- «Ананың аялы алақаны» челлендж
- «Әншуақ» фестивалі
- «Домбыра күні» концерт және көрме

**ДОМБЫРА
КҮНІ**

Сурет 5 – «Шабыт» жобасы

«Шабыт» – шығармашылық әлеуетті дамыту арқылы құндылықтарды насихаттау. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастыру туралы ұсыныс береміз.

«Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүй-

ікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

«Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығар-

машылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге және/немесе ұлттық мәдениетті насихаттау үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға кеңес беріледі.

«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестивальді, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану кеңесі беріледі.

«Ананның аялы алақаны» челленджін өткізу кезінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.

«Әншуақ» фестивалі #Әншуақ хэштегімен «ТікТок» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту арқылы ұйымдастырылады.

«Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру қажет.

Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда тек театрландырылған қойылымдарды ғана емес, сонымен қатар зерттелген әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашақорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдардың фестивальдерін өткізу ұсынылады.



«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» жобасы

Мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды деріптеу

- Дебат
- Зияткерлік ойындар

Сурет 6 – «Ұшқыр ой алаңы» жобасы

«Ұшқыр ой алаңы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы құндылықтарды дамыту. Білім беру ұйымдарына құн-

дылықтарға, тарихи оқиғаларға, айтулы күндерге, заңдар мен құқықтарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.)

байланысты мектепте тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталас кезінде ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.

Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар таны-

мал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту кеңесі беріледі.

«SMART BALA» жобасы

Мақсаты: инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Startup» конкурсы
- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы



Сурет 7 – «Smart bala» жобасы

«Smart bala» – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамыту. Жоба «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстарын өткізу арқалы жүзеге асырылды. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында хакатондар, челленджер, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.

«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы – бұл мектептің мүмкіндіктерін ескере отырып, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық

жұмыстар байқауын өткізу. Конкурсты дайындау және өткізу шеңберінде инновациялық объектілерге бару/ осы объектілер туралы материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

«Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жобаға әдеби кеш / кітаптар жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі кіреді.

Білім беру ұйымдарына әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар ара-

сында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыру керек.

Мектеп буккроссингі аясында «Кітаптар айналымы» акциясын өткізу кезінде білім беру ұйымдары кітапханасында білім алушыға өзіне қажетті таңдаған кітабын

өз кітабымен ауыстырып отыратын кітаптар сөресін құру ұсынылады.

«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі мен «Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.



«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» жобасы

Мақсаты: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

- Әдеби кеш / кітаптар көрмесі / кітап кейіпкерлерінің конкурсы
- «Кітаптар айналымы» акциясы
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж



Сурет 8 – «Балалар кітапханасы» жобасы

Қорытынды

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім алушылардың зияткерлік, физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына ықпал етеді.

Құндылықтарды оқу пәндеріне, сыныптан тыс іс-шараларға және әлеуметтік жобаларға біріктіру арқылы педагогтер жеке әлеуетті, сыни ойлауды, шығармашылықты, өзін-өзі басқаруды және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға ықпал ететін әлеуметтік маңызды педагогикалық тәжірибесін жасай алады.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын

қамтитын үздіксіз процесс. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Демек, тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі, 2024 жылғы 15 наурыз
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
3. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың – 2029 жылдарға арналған

- тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қаулысы.
4. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.
 5. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы
 6. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.
 7. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымда №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасы

● МЕХАНИЗМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЫ «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

Танирбергенова А.Ш., Магауия А.

Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, г. Астана

Казбекова Д.Х.

КГУ «Методический центр» Северо-Казakhstanская области, г. Петропавловск

Келдибаева Г.Е.

КГУ «Учебно-методический центр управления образования акимата Жамбылской области»

Аннотация. В статье рассмотрены механизмы реализации обновленной программы «Біртұтас тәрбие» на основе идеи «Справедливый Казахстан – Ответственный гражданин – Прогрессивная нация» предложенной Президентом Республики Казахстан Токаевым К.К.. Проанализированы пути усвоения обучающимися школьного возраста ценностей патриотизма, нравственности, трудолюбия, новизны и справедливости. В программе проведен качественный анализ мероприятий, направленных на формирование личностных качеств обучающихся и успешную социализацию в обществе. Также были обсуждены новые подходы и механизмы воспитательной работы в организациях образования с применением ценностно-ориентированного компетентностного подхода.

Мы надеемся, что этот исследовательский труд будет полезен для специалистов заинтересованных государственных органов и управлений образования, методистов методических центров и заместителей директора по воспитательной работе школы, классных руководителей и педагогов всех категорий, студентов педагогических вузов и широкого круга читателей.

Ключевые слова: программа «Біртұтас тәрбие», ценности, компетентность, проект, духовно-нравственные качества, патриотизм, честность

● MECHANISMS FOR THE IMPLEMENTATION OF THE UPDATED «BIRTUTAS TARBIEH» PROGRAM

Tanirbergenova A.S., Magauia A.

I. Altynsarin National Academy of Education, Astana

Kazbekova D.H.

KSU "Methodological Center" North Kazakhstan region, Petropavlovsk

Keldibayeva G.E.

KSU «Educational and methodological center of the education department of the akimat of Zhambyl region»

Annotation. The article discusses the mechanisms for the implementation of the updated «Birtutas Tarbieh» program based on the idea of «Just Kazakhstan - Responsible Citizen - Progressive Nation» proposed by the President of the Republic of Kazakhstan Tokayev K.K.. The ways of assimilation by school-age students of the values of patriotism, morality, hard work, novelty and justice are analyzed. The program provides a qualitative analysis of activities aimed at the formation of personal qualities of students and successful socialization in society. New approaches and mechanisms of educational work in educational institutions using a value-based competence approach were also discussed.

We hope that this research work will be useful for specialists of interested state bodies and departments of education, methodologists of methodological centers and deputy directors for educational work of the school, classroom teachers and teachers of all categories, students of pedagogical universities and a wide range of readers.

Keywords: «Unified Education» program, values, competence, project, spiritual and moral qualities, patriotism, honesty

МРНТИ 14.43.43

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА РОДИТЕЛЕЙ: ОПЫТ КАЗАХСТАНА И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Таипова М.К., Калачева И.В.

НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен»

Аннотация. В статье рассматривается роль центров педагогической поддержки родителей в психолого-педагогическом просвещении и развитии педагогической культуры родителей. Анализируется опыт функционирования таких центров в Казахстане, а также перспективы их дальнейшего развития. Акцентируются внимание на значимости системной поддержки родителей в целях повышения их компетенций в области психологии, педагогики и социальных навыков для обеспечения благополучия детей. Рассматриваются способы мотивации родителей к активному участию в процессе семейного воспитания.

Ключевые слова: педагогическая поддержка, психолого-педагогическое просвещение, педагогическая культура родителей, благополучие детей.

Введение

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев особо подчеркивает в своих выступлениях, что «защита прав детей, здоровье, образование и развитие подрастающего поколения – наши безусловные приоритеты», а значит, «мы должны обеспечить счастливую жизнь всем детям в Казахстане и обязаны прислушаться к голосу каждого ребенка» [1].

Связь между благополучием ребенка и состоянием семьи, в которой он воспитывается, является важным аспектом изучения семейной социологии и психологии. Учитывая, что семья выступает первичным и основным социальным институтом, определяющим формирование личности ребенка, возникает необходимость в создании благоприятных условий для повышения качества жизни каждой отдельной казахстанской семьи.

Современные исследования подчеркивают, что родители играют центральную роль в процессе воспитания и развития детей. Они выступают не только как социальные наставники, но и как основные источники эмоциональной поддержки, что в свою очередь существенно влияет на успешность самоидентификации и социализации молодых людей. Родительская поддержка является ключевым фактором, способствующим успешному преодолению школьных и жизненных трудностей, а также в формировании необходимых навыков, которыми дети должны овладеть для самостоятельной жизни.

К сожалению, текущая статистика указывает на существование устойчивой тенденции к разрушению института семьи в глобальном масштабе. Эта ситуация требует внимательного анализа и разработки целого комплекса мероприятий, направленных на укрепление института

семьи, так как его стабильность является базисом для обеспечения полноценного и гармоничного развития подрастающего поколения. Необходима не только социальная и экономическая поддержка семей, но и системное внедрение образовательных программ, направленных на повышение уровня родительской осведомленности о важности их роли в жизни детей.

Для улучшения качества жизни каждой казахстанской семьи как основного элемента благополучия ребенка необходима интеграция усилий на уровне общества, государства и образовательных учреждений.

В числе наиболее характерных факторов, влияющих на качество воспитания детей в семье такие, как нехватка времени на воспитание ребенка вследствие занятости на работе, низкий культурный уровень родителей, их слабая вовлеченность в воспитание и образование ребенка, утеря эмоционально-психологической близости между поколениями [2].

Эти проблемы воспитания характерны для многих стран, и их пытаются решить на государственном уровне. Например, в Финляндии сотрудничество с родителями закреплено законодательно в основной учебной программе (Core Curriculum), в Австралии на национальном уровне Департаментом образования, навыков и трудоустройства разработан веб-сайт «Потенциал для обучения» («Learning Potential») с целью оказать родителям помощь в обучении детей дома. В России в Федеральном государственном образовательном стандарте родители учащихся рассматриваются как полноценные участники образовательного процесса.

Методика

В Казахстане подошли к решению этого вопроса с точки зрения укрепления сотрудничества школы и семьи на основе развития системы педагогической поддержки, т.е. педагогического просвещения родителей. Исследования показывают, что уровень образованности родителей оказывает значительное влия-

ние на академические достижения детей. Родители с высоким уровнем образования чаще обладают более развитыми навыками обучения, что позволяет им более эффективно поддерживать учебный процесс своих детей. Они имеют больше возможностей для создания стимулирующей образовательной среды, что включает в себя как доступ к качественным образовательным ресурсам, так и активное вовлечение в учебный процесс.

Согласно ряду социологических исследований, семьи, где родители имеют низкий уровень образования, как правило, сталкиваются с ограниченными ресурсами, что негативно сказывается на образовательных достижениях детей. Эти родители могут не обладать достаточной компетенцией для помощи своим детям в учебе и часто испытывают трудности в понимании современных образовательных требований и стандартов. Дефицит знаний и навыков у родителей приводит к нехватке эффективных методов обучения и сопровождения, что снижает мотивацию и интерес детей к учебе.

Кроме того, психологический климат в таких семьях может быть менее благоприятным для интеллектуального развития. Отсутствие родительской поддержки и вовлеченности в образовательный процесс может привести к снижению самооценки ребенка и негативно сказаться на его учебных успехах. Дети из семей с низким уровнем образования также могут сталкиваться с экономическими ограничениями, что иногда приводит к отсутствию необходимых ресурсов, таких как учебные материалы, доступ к компьютерам или интернету, что является важным условием для современного обучения. Для решения данной проблемы было инициировано министерством просвещения создание Центра педагогической поддержки родителей (далее – Центр). Эта идея была поддержана и практически разработана сотрудниками Национального научно-практического института благополучия детей «Өркен» (далее – Институт) и получила свое практическое развитие в каждой школе страны. Деятельность Центра призвана способствовать

обеспечению безопасности, здоровья и психологического благополучия детей через повышение культуры позитивного родительства, развитие психолого-педагогических и социальных компетенций воспитания в семье в контексте жизнедеятельности субъектов взаимодействия в соответствии с ценностями национальной культуры.

Впервые в истории казахстанского образования отношения педагогов и родителей выстраиваются на основе партнерства во имя счастливой детской судьбы. Это ответ на запрос общества в достойных гражданах, которых можно воспитать только в сотрудничестве семьи и школы при активном участии государственных органов, общественных организаций.

Педагогическое просвещение родителей имеет свои особенности не только в содержании, но и в организации, которая ориентирована на активный обмен педагогическим опытом.

Используя буктрейлер на уроках литературы, каждый педагог добьется высоких результатов, так как этот инновационный прием предоставляет большие возможности. Положительных сторон у буктрейлера, как инновационного средства, много: яркая подача материала, высокая информативность, краткость. Школьникам необходимо знать, что при разработке видеоролика, нельзя изменить позицию писателя, потому что буктрейлер превратится в их собственное развоплощение. Но нужно помнить о том, что при разработке буктрейлера необходимо давать объективную оценку произведению. Автор буктрейлера не должен заменять ее своим собственным восприятием.

Буктрейлер, как одна из современных, инновационных форм повышения читательского интереса, будет способствовать большей заинтересованности школьников к прочтению произведений, которые

входят в школьную программу. Используя нестандартные подходы обучения, нетрадиционные методы и приемы работы, в том числе буктрейлер, можно будет сформировать активную читательскую позицию современного школьника.

Список использованных источников

1. Закон «Об образовании Республики Казахстан»
2. Об утверждении государственных общеобразовательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года №348. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 5 августа 2022 года № 29031. [Электронный ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
3. Конкурс буктрейлеров. [Электронный ресурс]. URL: <http://sila-mesta.ru/contests/vserossijskij-konkurs-buktrejlerov/> (дата обращения: 10.04.2019).
4. **Щербинина Ю.В.** Буктрейлеры в школьной практике преподавания литературы // Тексты новой природы в образовательном пространстве современной школы: Сб. материалов VIII международной научно-практической конференции «Педагогика текста», Санкт-Петербург, 21 октября 2016 г. / Под редакцией Т.Г. Галактионовой, Е.И. Казаковой.
5. **Мохунь О.А.** Буктрейлер как инновационное средство повышения интереса чтения у школьников // Обучение русскому языку и литературе: формы, методы, инновации: Сб. материалов.
6. **Гендина Н.И.** Формирование информационной и медиаграмотности в условиях информационного общества: новая инициатива ЮНЕСКО и проблемы информационного образования // Информационная грамотность и медиаобразование. 2012. №1. С.140-161.
7. **Плохотник Т.М.** Новое блюдо библиотечной кухни. Буктрейлер подан // Библиотечное дело. 2012. № 6. С. 20-22.
8. Development of positive motivation for reading in university students // Revista Espacios. Sociacion de Profesionales y Tecnicos del CONICIT. 2018.

● БУКТРЕЙЛЕР ҚҰРАЛЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КІТАП ОҚУ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Бостанова Д.К.

Астана қаласы әкімдігінің «№31 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. Мақала мектеп оқушыларын кітап оқуға барынша тарту және онымен үнемі байланыста болу мәселесіне арналады. Зерттеу барысында оқуға деген құштарлықты жоғарылатудың ең ұтымды тәсіл-

дері мен түрлеріне, оның ішінде, буктрейлер сияқты жаңаша әдіс-тәсіл жолдарымен балалардың оқуға құштарлығын қалай арттыруға болатынына тоқталады. Автор аталмыш әдістің құндылығын жан-жақты саралап, орта білім беру жүйесінде оқырмандық қызығушылықты жоғарылатудың бірден-бір жолы екендігін анықтайды.

Түйінді сөздер: оқырман, оқу, шығармашылық қабілеттер, цифрландыру, буктрейлер.

● INCREASING THE READERSHIP OF SCHOOLCHILDREN THROUGH A BOOK TRAILER

Bostanova D.K.

GKP at PHV «School Gymnasium № 31» of the akimat of Astana city

Abstract. The article is devoted to the problem of attracting and introducing children to reading literature. The problem of finding effective forms and methods of increasing readership is shown. A method of increasing and developing reader's interest in schoolchildren through such an innovative method as a book-trailer is presented. The author of the article determines the value of this method in the educational system of secondary education, which is used to increase the level of reader interest.

Keywords: reader, reading, creativity, digitalization, book trailer.

FTAMP 14.25.09

ТАРИХ ПӘНІН ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Нурхаева А. Е.

«Дарынды ер балаларға арналған «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты»
КММ, Павлодар қ.

Касенова Г. Т.

Quantum STEM school, Астана қ.

Аңдатпа. Аталған мақалада тарих пәнін құндылықтарға негіздеп оқытудың әдіс-тәсілдері туралы талқыланады. Құндылықтарды тарих пәнінде дарытудың жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Ұсынылған тәсілдер оқыту үрдісінде құндылықтар ұғымын қолдану мен жетілдіруге бағытталған. Қарастырылған педагогикалық тәжірибелердің маңызы оқушыларға тарих пәнін оқыту арқылы құндылыққа бағдарланған сыни ойлау, маңызды тақырыптарды талқылау, өмірге қажетті дағды-қабілеттерін жетілдіруге үлкен үлес қосады.

Қоғамдық-гуманитарлық пән педагогері осы еңбек негізіндегі зерттеулерді өз тәжірибелерін жетілдіру мақсатында қолдана алады.

Түйінді сөздер: педагогикалық тәжірибе, білім берудегі құндылықтар, тарих пәні, белсенді оқыту тәсілдері.

Кіріспе

Қазіргі адам үшін оның жаһандық әлемге сәтті бейімделуіне, жеке тұлға ретінде дамуында, қоғаммен үйлесімді қарым-қатынас орнатуында құндылықтар маңызды. Өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік пен өзін-өзі реттеу мен тәрбиелеу құндылығы адамдарға өз мақсаттарына жетуге, уақыт пен жауапкершілікті тиімді басқаруға көмектеседі. Өзін-өзі дамыту және оқу қабілеті құндылығы өзгермелі өмір және еңбек жағдайларына сәтті бейімделу, дағдылар мен білімдерді үздіксіз жетілдірудің кілті болып табылады. Топта жұмыс істеу, ынтымақтасу және ымыраға келу қабілеті жеке өмірде де, кәсіби өмірде де маңызды құндылық. Шығармашылық, креативтілік және инновация жаңа идеяларды, технологияларды және мәселелерді шешу тәсілдерін дамытуға ықпал етеді. Бұл

құндылықтар заманауи адамдарға саналы өмір сүруге, жауапкершілікті сезінуге, қоғам мен қоршаған әлемнің бір бөлшегі болуға көмектеседі.

Мақалада қарастырылып отырған тақырыптың өзектілігін Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім берудің 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасынан көруге болады, онда білім берудегі құндылық ұғымын ерекше аспект ретінде бөліп көрсетеді.

Атап айтсақ, құндылыққа бағдарланған тәсілді енгізу үшін педагогикалық технологияларды, бағдарламаның мазмұнын қамту қажет екендігі баяндалған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Біртұтас Тәрбие» бағдарламасында да ар-ұят, талап, ұлттық мүдде сияқты тәр-

бие құндылықтарына ерекше назар аударылған. Білім саласындағы негізгі нормативтік құжаттарда құндылық мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі дәлелдейді.

Білім берудегі құндылықтар – бұл білім беру жүйесінің моральдық, әлеуметтік және мәдени бағыттарын анықтайтын принциптер, сенімдер мен идеалдар жиынтығы. Олар қоғам мен оқушылардың жеке басын қалыптастыру үшін керек. Білім беру жүйесі оқушыларды қоғамдық өмірге белсене араласуға, азаматтық қасиеттерді жетілдіруге дайындайды. Білім беру саласы сыни тұрғыдан ойлауын, талдау қабілеттерін, ақпаратты өз бетінше бағалай білу және саналы шешім қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етуі керек. Білім берудегі құндылықтар білім беру бағдарламаларын, оқыту әдістерін, оқушылармен өзара әрекеттесу мен жеке тұлғаның үйлесімді дамуына және оның заманауи әлемде сәтті бейімделуіне ықпал ететін білім беру ортасын қалыптастырудың негізі болып табылады [1].

Аталып отырған тақырып бойынша көптеген отандық және шетелдік әдістемелік әдебиеттерді, білім саласындағы ресми құжаттарды талдап өтуге болады. Атап айтсақ, Жанайдаров Б.А. «Қазақстан тарихын оқытуды құндылықтар жүйесін қалыптастыру әдістемесі», Айтқалиев Н.С. «Мектепте тарих пәнін оқытуда патриотизмді тәрбиелеу әдістері», Қожахметов К.Қ. «Тарихи білім беру жүйесінде құндылықтар». Бұл әдебиеттерде ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығы, тарихи оқиғалар арқылы құндылықтарды зерттеудің әдіс-тәсілдері және білім беру жүйесіндегі құндылықтарды қалыптастыру маңыздылығы баяндалады. Шетелдік авторлардың ішінде Barton, K.C. «Teaching History for the Common Good» еңбегінде демократиялық, бостандық құндылықтарын тарихты оқыту арқылы дарыту туралы сөз қозғалған; Seixas, P. «The Big Six Historical Thinking Concepts» еңбегінде тарихи құндылықтарды үйрету жолдарының әдістемесі туралы баяндалған; Rusen, J. еңбегінде тарихи оқиғаларды интерпретациялау арқылы тарихи құндылықтарды түсіну маңыздылығы айтылады. Отандық зерттеушілер негізінен ұлттық

құндылықтардың, ұлттық сана-сезімнің, ал шетелдік зерттеушілер жалпыадамзаттық құндылықтардың, сыни тұрғыдан ойлаудың қалыптасуына баса назар аударады. Екі бағыт та оқушылардың тарихи білімдерін тереңдетуге және құндылық бағдарын дамытуға үлес қосады.

Әдістеме

Әлемдік озық педагогикалық тәжірибе әртүрлі елдерде белсенді түрде әзірленіп, енгізіліп жатқан білім берудің заманауи тенденциялары мен әдістерін қамтиды. Тарих сабақтарында құндылықтарды дарытудың негізгі әдістемесіне тоқталсақ, Әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескеру арқылы оқыту, жетілдірілген білім берудің негізгі принциптерінің бірі – даралап оқыту немесе жеке оқыту. Педагог әр баланың қажеттілігін қанағаттандыру үшін түрлі әдістемелерді пайдалана отырып, жекелендірілген оқу жоспарларын жасауға ұмтылады. Бүгінгі таңда мұғалімдер оқытудың белсенді түрлерін, соның ішінде жобалық жұмысты, мәселелік оқытуды, пікірталастарды, тәжірибелік тапсырмаларды және оқушыларды оқу процесінің орталығына қоятын және олардың белсенді болуына мүмкіндік беретін басқа әдістерді өз тәжірибесінде қолданады. Сонымен қатар заманауи технологияларды, онлайн ресурстарды, білім беру бағдарламаларын және интерактивті оқыту платформаларын пайдалану кең таралған. Бұған компьютерлерді, интерактивті тақталарды, мобильді қосымшаларды, онлайн курстарды және оқуды жақсарту және оқу тәжірибесін байыту үшін басқа құралдарды пайдалану кіреді. Білім берудегі тамаша жетістіктердің маңызды аспектісі мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық, тәжірибе алмасу, желілік оқыту және оқу қауымдастығын құру болып табылады. Бұл мұғалімдерге озық тәжірибе алмасуға, жаңа әдістер мен тәсілдерді үйренуге, бірлескен жобаларды әзірлеуге құндылықтарды оқушылардың бойына дарытуға мүмкіндік береді. Құндылықтарды үйрету әдістемесінде сыни тұрғыдан ойлауды, аналитикалық қабілеттерді, шығармашылықты, коммуникативті дағдыларды және топта жұмыс істей білуді дамытуға мән беріледі. Оқу бағдарламалары мен әдістеме осы негізгі

қзыреттерді жүзеге асыруға бағытталған. Бүгінде құндылықтарды оқыту тәжірибесіне тұрақты даму, жаһандық азаматтық, мәдениетаралық диалог және жаһандық проблемалар мен сын-қатерлерден хабардар болу мәселелерін енгізген маңызды. Оқушылар жауапты жаһандық азамат болуға және әлемдік мәселелерді шешуге белсенді қатысуға әр оқу үрдісінде белсенді тартылғаны жөн. Педагогикалық шеберлік барлық оқушыларға сапалы, заманауи білім беруді қамтамасыз ету үшін үнемі дамып отырады және өзгеретін әлеуметтік қажеттіліктер мен технологиялық мүмкіндіктерге бейімделеді [2].

«Тарихи тұлғаға хат», «ыстық орындық» және рөлге ену тапсырмалары моральдық көзқарастың, өмірде дұрыс шешім қабылдау дағдыларының жетілуіне септігін тигізеді. Тарихи оқиғалардың себеп-салдарын, өзгеріс пен сабақтастығын зерттеу үшін «Фишбоу», «Т әдісі» және тағы да басқа тапсырма үлгілері арқылы құндылық ұғымына сыни көзқарас білдіру, нәтижелерді талдау дағдылары жетіледі. Тарихи деректермен, артефактармен жұмыс жасау арқылы оқушыларда интерпретациядан өтпеген құндылықтардың қалыптасуына жағдай туындайды. Ол тапсырма түрлеріне дерекке жуан және жіңішке сұрақтар құрастыр, деректі айтылмаған ойды жалғастырып жаз, дерек бойынша SWOT талдау жаса жатады.

Мұғалімдер оқушы бойында құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және олардың құндылықтарды дамытуға ықпал ететін бірнеше тәсілдері бар. Қолдау және мадақтау арқылы мұғалімдер мейірімділік, жанашырлық, еңбекқорлық және басқа да құндылықтарды жетілдіріп, сабақ барысында дамыта алады. Құндылықтарды қалыптастырудың ең күшті тәсілі – мұғалімнің жеке мінез-құлық үлгісі. Егер мұғалім адалдық, төзімділік, жауапкершілік және басқа да құндылықтарды көрсетсе, онда оқушылар осы мінез-құлыққа еліктейді, ол формальды емес түрде еріксіз жүзеге асады. Қандай да бір тарихи тұлғаның әрекеті арқылы да көрсетуге болады. Сабақ барысында әртүрлі құндылықтар мен олардың салдарын көрсететін тарихи және әдеби мысалдарды

пайдалану оқушыларға осы аспектілерді жақсы түсінуге және бағалауға көмектеседі. Сонымен қатар қандай да бір тарихи оқиғалардан сабақ алу, бүгінгі күнмен байланысын орнату жүзеге асады. Сыныпта әртүрлі құндылықтар мен моральдық принциптер туралы пікірталастарды ұйымдастыру сыни ойлауға және құндылықтарды саналы таңдауға ықпал етеді. Мысалы: осы тұста «бос микрофон», «парламент форматындағы отырыс», «кейіпкерге хат» сияқты тәсілдерді атап өтуге болады. Оқушылардың басқаларға көмектесуге, қоршаған ортаны қорғауға немесе әлеуметтік құндылықтарды насихаттауға бағытталған жобалар мен іс-шараларға түсінуге көмектеседі. Әсіресе сыныптан тыс іс-шаралар қатысуы оларға осындай құндылықтардың маңыздылығын арқылы осы аспекті қамтылады. Мұғалімдер құндылықтарды пән контексті негізінде оқыту мазмұнына кіріктіре алады. Бүгінгі таңда оқу бағдарламаларында, әсіресе қоғамдық пәндерде тақырыпқа сәйкес жүзеге асырылатын құндылықтар анықталған. Мұғалімдер оқушыларды өзін-өзі бағалауды, сенімділікті және өз құндылықтарын білуді дамытуға көмектесе алады, бұл жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін құрмет, сенім, ынтымақтастық және толеранттылық құндылықтары негізгі болып табылатын білім беру ортасын құру маңызды [3].

Мұғалімдер оқушылардың құндылықтарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады және олардың позитивті құндылықтарды дамытуға күш салуы қоғамның одан әрі дамуы үшін маңызды.

Тарих сабақтарында құндылықтарды дамыту үшін әртүрлі құндылықтарды талқылауға, талдауға және хабардар етуге көмектесетін әрекеттер мен әдістерді қолдануға болады. Оқу үрдісі барысында қолданылған тапсырмаларға тоқталатын болсақ.

- ▶ Тарихи сәттерді талқылау: білім алушыларға нақты тарихи оқиғаларда немесе тұлғаларда айтылған құндылықтарды талқылауға бағытталған сұрақтар қою арқылы, тарихи сәттерді талқылау әдісі. Мысалы, қазақ ұлтының өмір сүруінің өзін проблемаға

айналуының маңыздылығын SWOT анализ арқылы талқылау.

- ▶ Білім алушылардан белгілі құндылықтар мен мақсаттарды білдірген тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеуді тапсыру. Содан кейін олардың қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруға ықпалын талқылау. Қ.И.Сәтпаев мысалында бұл тапсырма өте тиімді жүзеге асты. Оқушылар эссе жазды, тұлғадан өзіне алатын қасиеттерді көрсетті.
- ▶ Білім алушыларға тарихи құжаттарды (мысалы, Алаш партиясының бағдарламасы) олар білдіретін құндылықтар тұрғысынан талдау. Пікірталастар арқылы еркіндік, теңдік, әділдік, төзімділік және тағы басқа құндылықтар оқу үрдісіне кіріктіріледі. Оқушылар өз ұстанымдарын негіздей отырып, белгілі бір құндылықты жақтап немесе оған қарсы пікір білдірді. Мысалы, жергілікті билік туралы жоба-презентациялар жасап қорғады.
- ▶ Картамен жұмыс жасау арқылы (картаға тарихи ұжымдастыру зардаптарын орналастыр) оқушы бойында көптеген құндылықтардың қалыптасуына септігін тигізеді. Атап айтқанда, тарихи ойлау, рухани даму, экологиялық сана қалыптасады.
- ▶ Тарихи тұлғаға хат жазу арқылы оқушы өз бойына маңызды құндылықтарды дарыта алады, мысалы Сталинге хат жазу арқылы тарихи оқиғаларға талдау жасап, өзіне сабақ алады. «Халық жауы» атанған тарихи тұлға рөлінде кейінгі ұрпағына хат жолдау тапсыр-

масын оқушылар өте әсерлі орындады, соңғы сөздерін кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатын орындады.

- ▶ «Соңғы үкім» көркем фильміне 8-сынып оқушылар толық қатысты, алған әсерлерін формативті бағалау жұмысын орындау ретінде көрсетті. Басты мақсат оқушылардың бойында пәндік білім қалыптастырудан басқа құндылықтарды қалыптастыру.

Практикада қолдану

Құндылықтар арқылы тарих пәнін оқыту Астана қаласындағы Quantum STEM school мектебінің және Павлодар қаласы дарынды ер балаларға арналған білім инновация лицейінің 8-сынып оқушылары үшін апробациядан өтті. Бұл мәселенің жүзеге асуына нақты тоқталатын болсақ:

- 1) Мәселе анықтау, диагностика жасау;
- 2) Тақырып бойынша теория мен тәжірибенің байланысын зерттеу;
- 3) Мәселені шешу үшін жоспар құрастыру;
- 4) Тапсырма түрлерін сабақтарда қолдану;
- 5) Күтілетін нәтиже мен қолданысты сәйкестендіру, соңғы диагностика.


Біртұтас тәрбие бағдарламасында аталған құндылықтарға сәйкес тарих пәнінің оқу бағдарламасынан зерттеу сұрақтары анықталып алынды. 1 кестеде 8-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқу бағдарламасы тақырыптары үш құндылыққа сәйкес анықталған:

Кесте 1

Тәрбие құндылықтары		
Ұлттық мүдде	Ар-ұят	Талап
Не себепті А. Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп санады?	Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?	Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке» әкеліп соқтырды?
Неліктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?		Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?
Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?		

Тақырып бойынша 8-сынып оқушыларының пікірін анықтау мақсатында бастапқы

сауалнама аланды. Сауалнама қорытындысы:




Құндылық ұғымы бойынша оқушылардан алынған қорытынды сауалнама нәтижесі

Тақырып бойынша құндылық ұғымына, оны тарих сабақтарында жүзеге асыру сұрағы төңірегінде әдебиетке шолу жасалынды. Құндылықтың алуан түрі бар, мектептегі құндылықтың басты рөлі – тәрбие саласына үлес қосу болғандықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізіндегі құндылық ұғымына тоқталдық. Ал әдіс-тәсілдерге келетін болсақ, Кэмбридж оқу бағдарламасының, AP (Advanced Placement) Американдық бағдарламасының негізіндегі шетелдің озық тәжірибелерін жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін тәжірибеде қолдандық. Атап айтсақ, оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын жетілдіретін, soft skills дамытатын әдіс-тәсілдер қолданылды.

8-сыныптың Қазақстан тарихы пәні сабақтарында оқушыларға тарихта туындайтын моральдық сұрақтарды талдап, талқылау және оларды құндылықтар тұрғысынан қарастыру міндеті жүктеледі.

Халықаралық қатынастар тарихын зерттеу үшін мәдениетаралық өзара әрекеттестік пен айырмашылықтарды құрметтеуге баса назар аудара отырып, тарихын талқылау қажет. Сонымен қатар оқушылар белгілі бір құндылықтар және олардың тарихи процестерге әсері тақырыбында шығармашылық жұмыстар (мысалы, құндылық карталары, эсселер, презентациялар) жасатылды. Бұл іс-шаралар оқушыларды құндылықтарды тануға және талқылауға, олардың сыни ойлауын және тарихи оқиғаларды құндылықтар мен идеалдар тұрғысынан талдау және түсіндіру қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

8-сынып Қазақстан тарихы пәнінен құндылыққа бағытталған тапсырмалар енгізілген сабақтар сериясынан соң тақырып бойынша 8-сынып оқушыларының пікірінің өзгергенін анықтау мақсатында қорытынды сауалнама аланды. Сауалнама қорытындысы:



Құндылық ұғымы бойынша оқушылардан алынған қорытынды сауалнама нәтижесі

Тарихты құндылықтар негізінде зерделеу бізге бұл пәнді оқиғалардың, даталардың және атаулардың тізімі ретінде ғана емес, әртүрлі тарихи кезеңдердегі қоғамды анықтап, қалыптастырған құндылықтарды түсінудің қайнар көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Тарихты құндылықтар негізінде зерттеудің артықшылықтары көп. Оқиғаларды контекстуализациялау дегеніміз тарихты құндылықтар объектісі арқылы зерделей отырып, біз тарихи оқиғаларды белгілі бір әрекеттер мен шешімдер қабылдауға қандай идеалдар мен сенімдер түрткі болғанын түсіндіру. Бұл оқиғалар мен олардың салдарын жақсы түсінуге көмектеседі. Құндылықтарды ескере отырып тарихты зерделеу эмпатия мен мәдени айырмашылықтарды түсінуге көмектеседі. Біз әртүрлі қоғамдар үшін қандай құндылықтар маңызды болғанын және олардың мінез-құлқын қалай қалыптастырғанын көреміз. Тарихтағы құндылықтарды талдау сыни ойлауды дамытуға көмектеседі. Құндылықтардың өзгеруі әлеуметтік процестер мен тарихи оқиғаларға қалай әсер еткенін талдай аламыз. Тарихты құндылықтар объектісі арқылы зерделеу оқушыларға өз құндылықтары мен принциптерін білуге көмектеседі. Бұл тұлға мен дүниетанымының қалыптасуына ықпал ете алады. Тарих бізге құндылықтардың тұрақты және қозғалмайтынын үйретеді. Олар уақыттың, жағдайдың және әлеуметтік өзгерістердің

әсерінен өзгереді. Мұны түсіну қазіргі заманғы әлеуметтік үрдістерді жақсы түсінуге көмектеседі. Өткен құндылықтарды зерделеу арқылы біз бүгінге күнге сабақ аламыз. Біз қандай құндылықтар қоғамның дамуына үлес қосқанын, ал қайсысы керісінше қақтығыстар мен мәселелерге әкелгенін көреміз. Тарихты зерделеудің бұл жолы өткенді, бүгінді және болашақты түсіну көкжиегін кеңейтуге, тарихи оқиғалар мен қоғамдық құндылықтарға деген тереңірек және мазмұнды көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді [5].

Ұсынымдар

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер педагогтеріне құндылықтарға негіздеп оқыту әдістемесі бойынша ұсыныстар:

- ▶ Пән мұғалімі тарих сабақтарында құндылыққа бағдарланған тапсырмаларды өздігімен әзірлеп, қолдану қажет;
- ▶ Оқушылардың қызығушылығын арттыру, қандай да бір нормативтік талаптардың орындалуы сияқты жақтарды елеусіз қалдырмауы қажет (оқу мақсаттарының орындалуы);
- ▶ Тарих сабақтарында құндылықтарды дамыту үшін әртүрлі құндылықтарды талқылауға, талдауға және хабардар етуге көмектесетін әрекеттер мен әдістерді қолдануға болады. Оған сы-

ныптан тыс іс-шараларды да жатқыза аламыз;

- ▶ Оқушыларды моральдық тұрғыдан тәрбиелеуде құндылыққа бағдарланған оқытуды тиімді пайдалану;
- ▶ Құндылықтарда оқу үрдісіне енгізген кезде оқушылардың жас ерекшелігін ескеру;

Бұл іс-шаралар оқушыларды құндылықтарды тануға және талқылауға, олардың сыни ойлауын және тарихи оқиғаларды құндылықтар мен идеалдар тұрғысынан талдау және түсіндіру қабілеттерін дамытуға ықпал етеді [6].

Қорытынды

Қорытындылай келе, мұғалімнің алдында ең бастысы ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруден басқа да міндеттер тұр. Тарих пәнін оқыту арқылы пәндік білімдерді қалыптастырумен бір қатарда сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту, құндылықтарды бойына дарытқан, ұлттық жекелену кодын алға қоятын тұлғаны қалыптастыру тұрады. Құндылықтарға негізделген тарих сабақтарындағы тапсырмаларды қолдану толыққанды тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар білім алушылардың тарихқа деген қызығушылығы қалыптасады. Тарихи тапсырмалар арқылы өткеннен сабақ алып, бүгінгі күнмен байланысты орнатып, болашаққа қажет болатын дағдылардың және құндылықтардың негізі қалыптасады. Та-

рих сабақтарында құндылықтарға негізделген тапсырмаларды қолдану оқу бойында пән білімімен қатар, құндылықтың даруына жағдай жасайды. Қазақстан білім беру жүйесін құндылыққа бағдарланған білім беру арқылы іске асыру ауқымды нәтиже береді. Қай салада болсын интеграцияны қолдану оқушылар үшін де, ұстаз үшін де нәтижеге бағдарланған болады. Аталып отырған мәселеде пәндік білім мен құндылық интеграциясы жаңа саланың білім ортасынан ойып тұрып орын алатыны сөзсіз

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы
2. **Глазырина, Т. Н.** Методика преподавания истории : учеб.-метод. комплекс для студентов специальности 1-21 03 01 «История» / Т. Н. Глазырина. – Новополюк : ПГУ, 2011. – 356 с.
3. **Марков Ю.М.**, Теория и методика обучения и воспитания: оқу құралы.-Москва: Просвещение, 2008.-с.87
4. **Сахаров Н.С.**, Методика преподавания истории: учебное пособие для учителя.- Москва: Просвещение, 2017.-с.107
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012., б.110-126
6. **Дэвид Клустер.** Что такое критическое мышление? Перемена. Весна 2001 (4), с. 36-40 (Философия и методы RWCTB действию. Под.ред. С.Мирсеитовой. Казахстанская Ассоциация по Чтению. Серия «Школа профессионального развития». – Алматы: ИздатМаркет, 2004. Глава 2, с. 104-114.

● МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ ОСНОВАННЫЕ НА ЦЕННОСТЯХ

Нурхаева А.Е.

КГУ «Лицей-интернат «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» для одаренных юношей», г.Павлодар

Касенова Г.Т.

Quantum STEM school, г. Астана

Аннотация. В данной статье рассматриваются методы преподавания предмета история, основанные на ценностях. Показаны методы обучения и реализации ценностей в предмете история. Предложенные подходы направлены на применение и совершенствование концепции ценностей в учебном процессе. Значимость рассматриваемой педагогической практики вносит большой вклад в развитие критического мышления, обсуждение важных тем, совершенствование необходимых для жизни навыков при обучении учащихся предмету «История». Преподаватели социальных и гуманитарных наук могут использовать исследование, основанные на этой статье, для улучшения своей практики.

Ключевые слова: педагогическая практика, ценности в образовании, предмет история, активные методы обучения.

● VALUES-BASED HISTORY TEACHING METHODS

Nurkhayeva A.E.

KSU "BILIM-INNOVATION Boarding Lyceum for gifted young men", Pavlodar

Kasenova G.T.

Quantum STEAM school, Astana

Abstract. This article discusses the methods of teaching history subject based on values. Methods of training and implementation of values in the subject of history are shown. The proposed approaches are aimed at the application and improvement of the concept of values in the teaching process. The significance of the considered pedagogical practices makes a great contribution to the development of critical thinking, discussion of important topics, and the improvement of skills necessary for life by teaching the history subject to students. Social and humanities teachers can use the research based on this article to improve their practice.

Keywords: teaching practice, values in education, subject history, active teaching methods.

FTAMP 14.25.09

КРОССЕНС ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Оспанова Г. Е., Алпысбекова Г. А.

Астана қаласы әкімдігінің «№3 мектеп – гимназия» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі орта білім беру жүйесіндегі өзекті саналатын коммуникативтік, тілдік құзырет қалыптастыру, сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізінде функционалдық сауаттылықты жетілдіру мәселелері қарастырылған. Кроссенс тәсілімен жұмыс істеу реттілігі және принциптері сипатталған. Кроссенс тәсілі арқылы оқу үдерісінде білім алушылардың тілдік төрт дағдыларын дамыту жолдары талданған. Әдістемелік зерттеу нәтижесінде оқушылардың топта бірлесе жұмыс істеу, тақырыпты талқылау, түйінді ойды саралау, сыни ойлау дағдысы жетілетінін анықтадық.

Мақала тілдік пән мұғалімдері, әдіскерлер, болашақ тіл мамандары және студенттер үшін пайдалы болады.

Түйінді сөздер: кроссенс тәсілі, функционалдық сауаттылық, тыңдалым, оқылым, тілдесім, айтылым, жазылым.

Кіріспе

«Әр елдің болашағы – жастардың қолында» демекші, ел саясатының негізгі бағыты – жастардың білім алып, дамуына, оларды қолдауға бағытталған. Жаһандану заманының талабына сай және ел Президенті Қ. К. Тоқаевтың жолдауларында айтылғандай, ел жастары – бәсекеге қабілетті, білімді, өз пікірі қалыптасқан, кітаптағы «өлі ережені» жаттап қана емес, білім ордаларында алған білімін, игерген дағдысын күнделікті өмірде өз қажетіне жаратуы білетін, мақсаты айқын, арманы асқақ, еңбекқор, білім іздеуді өмір салтына айналдырған ізденімпаз, функционалдық сауатты тұлғаны өсіру.

Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінің қазақ тілін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру мақсаты қойылған дей аламыз. Осы ретте ауқымды іс-шаралар жүзе-

ге асырылуда. Олардың бірқатары орта білім беру жүйесіне де қатысты. Соның бірі – 2023-2024 оқу жылында Оқу-ағарту министрлігінің №125 бұйрығы 35 тармағы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 5-8 және 10 сынып оқушылары тұңғыш рет емтихан тапсырды. Талап бойынша емтихан мазмұны коммуникативтік құзыреттіліктің барлық дағдысын қамтиды. Білім алушы шәкірттер тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым және тілдік бағдар бойынша өз білімдерін қорғайды. Тілдік дағдыларды жетілдіру үшін жыл сайын оқыту үдерісінде түрлі технологиялар, авторлық әдіс-тәсілдер апробациядан өтуде. Бұл құралдарды оқыту процесіне тиімді енгізудің жолдары қандай? Мақала осы мәселені жан-жақты қарастырады.

Білім саласында ашылған жаңалық та, қолданылатын құрал да өте көп. Бірақ, ол құралды орнымен, дұрыс бағытта, тәсіл-

де қолдану асқан шеберлікті, біліктілікті, талғамды қажет етеді. Таңдалған технологияны дұрыс қолданбау, тақырыпты аша алмау, мақсатқа жетпеу - пәнге деген қызығушылықтың жойылуына, білім алушының оқу процесіндегі белсенділігі мен зейінінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-тарауында білім алушы шәкірттердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар белгіленген.

Қазақ тілін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында енгізілген жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 4 дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым және тілдік бағдарды тегіс қамтитын тиімді әдіс-тәсілдер, техникалар бар. Соның бірі – кроссенс тәсілі. Кроссенс – жаңартылған білім беру мазмұнына негіз болған сындарлы оқыту теориясына сай келеді, білім алушының жоғары нәтижеге қол жеткізуіне жағдай тудырады. Оқыту үдерісінде жаңаны ескімен сабақтастырып, оқушының алдыңғы білімімен ұштастыра отырып ары қарай дамытады. Ақпараттың енжар қабылдануына мүмкіндік бермейді.

Кроссенс – ағылшын тілінің сөзі. Мағынасына тоқталатын болсақ, «inter» – өзара, «act» – әрекет, яғни «мағыналардың өзара қиылысуы» дегенді білдіреді. Кроссвордқа ұқсайтын техниканың авторлары – көрнекті жазушы, педагог-математик Сергей Федин мен техникалық ғылымдар докторы Владимир Бусленко. Ең алғашқы кроссенс «Наука и жизнь» журналының 2002 жылғы санында жарық көрді. Кроссенс тәсілі – әдістеме әлеміндегі жаңа ұғым болғандықтан, ғылыми-монографиялық зерттеу жұмыстары әлі жазыла қоймаған. Бірақ, басшылыққа алуға болатын ғылыми мақалалар бар. Олар: «Ф.Якубов атындағы инженерлік-педагогикалық университетінің» доценттері О.В. Литвяк пен Н.С. Скрипичникованың «Технология «кроссенс» как прием формирования положительной мотивации в обучении иностранным языкам» және Перм мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық


университеті, шет тілдері кафедрасының п.ф.к., доценті А.Г. Канцурдың «Технология «кроссенс» как средство развития иноязычной коммуникативной компетенции».

Ізденіс барысында көптеген отандық және шетел авторларының еңбектерімен таныстық: А. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал», Ұйықбаев И. «Мектепте қазақ тілін оқыту мәселесі», А.Ш. Бектурова, Ш.К. Бектурова «Казахский язык для всех», Маманов Ы. «Қазақ тілін оқытудың методикасы. Әдістемелік құрал», Әлімжанов Д. «Қазақ тілін оқыту методикасынан бақылау –пысықтау жұмысы. Көмекші құрал», Әлімжанов Д., Маманов Ы. «Қазақ тілін оқыту методикасы». Аталған еңбектердің арқасында кроссенс тәсілін жан-жақты қарастырып, зерттеу барысында өзінің үлесін қосты.

Әдістеме

Кроссенс авторлары тәсіл жайлы былай дейді: «Бұл тәсілдің идеясы барлық таңғажайып дүниелер сияқты өте қарапайым, барлық қарапайым дүниені сияқты тылсым». Оның басты мақсаты – белгілі бір топқа арналған жұмбақ, ребус, тапсырма құрастыру. Кроссенс суретпен бейнеленген ассоциациялардың мағыналық тізбегі, 9 ұяшықтан тұрады. Әр ұяшық келесі ұяшықпен мағыналық жағынан тізбектей немесе параллелді түрде байланыс орнатады, дәл ортадағы сурет кроссенстің негізгі мазмұндық бөлігі болып табылады. Кроссенс тәсілі арқылы білім алушыларға орындатуға ұсынылатын тапсырмалар: есепті шешу, суреттер арасында мағыналық байланысты сақтай отырып ассоциациялық тізбек құрастыру. Кроссенсті оқудың жолдары:

1. «Ұлу тізбегі» ретімен оқу. Ұяшықтағы суреттер мазмұндық байланысқа құрылады. (1-сурет)
2. Периметр бойынша оқу, яғни ортаңғы ұяшықтағы сурет барлық суретпен немесе тек бірнеше суретпен мазмұндық байланыста болуы мүмкін. (2-сурет)
3. Мәтін бойынша оқу: ұяшықтағы суреттер бір-бірімен диагональ арқылы байланысады. (3-сурет)



1-сурет. «Ұлу»
тізбегі бойынша оқу

2-сурет. Периметр
бойынша оқу

3-сурет. Диагональ
бойынша оқу

Кроссенс арқылы көптеген жұмыстар атқаруға болады. Біз орындауға ұсынатын оқу тапсырмалары:

- ▶ берілген суреттер негізінде ассоциативтік тізбек ойлап табу;
- ▶ кроссенсті шешу немесе түсіндіру;
- ▶ әңгіме құрастыру.

Әдістеме алаңы жыл сайын түрлі әдіс-тәсілдермен толығуда. Олардың барлығы белгілі бір жүйеге, принципке бағынады. Ал, кроссенс тәсіліне арқау болған принциптер мен жұмыс жүйесі қандай, сол туралы тереңірек:

- ▶ ғылымилық (қамтылатын ақпараттың ғылыми дәлелі, анықтамасы бар);
- ▶ жүйелілік (материал мағыналық реттілікке және байланысқа құрылады);
- ▶ ізгілік (білім сапасы көтеріліп, оқу үдерісінің жеңіл өтуіне жағдай тудырады);
- ▶ мотивациялық (шәкірттердің қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға, ізденуге уәждейді);
- ▶ креативтілік (сыни ойлауды дамытады);

- ▶ тиімділік (көлемді ақпаратты толық қамтуға мүмкіндік береді және бірінші қолданыстан нәтиже көрсетеді);
- ▶ жан-жақтылық (бұл тәсілді әр түрлі пәнге, оқыту үдерісінің кез келген кезеңінде және әр жастағы білім алушылар үшін қолдануға болады).[2]

Жоғарыда көрсетілген принциптерді басшылыққа ала отырып құрылған кроссенс оқу әрекетінің барлық түрлерін жан-жақты қамтуға мүмкіндік беретінін тәжірибе көрсетіп отыр. Кроссенс – сын тұрғысынан ойлау технологиясын жүзеге асыратын тәсіл. Сыни ойлау – шығармашылық ойлау. Шығармашылық сөзінің түбіне үңілетін болсақ «ойлап шығару», «іздену», «жаңалық ашу» деген мағынаға саяды. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ой. Бұл технология білім алушы шәкірттердің емін-еркін сөйлеп, пікір алмасуына, қатарластарының ойын тыңдауға, алға қойылған мәселенің түйінін тарқататын жолдарын іздеп, шешім қабылдауына бағытталған.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын оқыту үдерісінде пайдалану жаһанданды бастан кешіріп жатқан қазіргі қоғамға бейімделуіне мүмкіндік береді. Сын тұрғысынан ойлаудың басты шарты: ком-

муникацияға түсетін әлеуметтік орта құру және сол ортаға түсетін индивидтердің өзара әрекеттесуі. [3]

Кроссенс тәсілін оқу үдерісінің кез келген кезеңінде түрлендіре отырып қолдануға болады. Мысалы:

- ▶ үй жұмысын тексеру (тірек-схема арқылы өткен материалды баяндау, мазмұндау);
- ▶ сабақ мақсатын анықтау, сабақ тақырыбын болжау (ұяшыққа берілген суреттер арасындағы байланысты басшылыққа ала отырып сабақ тақырыбын табу, суреттер арқылы оқу әрекеттеріне нұсқай отырып, мақсатты анықтау);
- ▶ тақырыптың ақпараттық кеңістігін білу, көтерілген мәселенің түйінін, шешімін табу (сабаққа ұсынылған материалдар ішіндегі анықталған негізгі факт, дәлелдеме, негіздемеге сүйене отырып шешім шығару);
- ▶ оқу материалын пысықтау, бекіту (білім алушылар бүтін сабақ бойы кроссенс ұяшықтарын толықтырып отыру, қорытындылап түйіндеу);
- ▶ топтық жұмыс (топ ішінде сабақ материалын қамтитын суреттерді пайдалана отырып кроссенс құрастыру, басқа топтар құраған кроссенспен салыстыру, өз жобаларын басқа топтардың алдында қорғау);
- ▶ шығармашылық үй жұмысы (үй жұмысын түрлендіріп, жоба, презентация үлгісінде таныстыру);
- ▶ кроссенсарқылы сабақты құрылымдау (кроссенстің әр ұяшығын сабақ бойы білім алушылармен бірлесе отырып толтыру, қойылған сабақ мақсатына жету) .[4]

Кроссенс тәсілімен жұптық, топтық жұмыс ұйымдастыру – меңгерілетін тақырыпты, онда көтерілетін мәселеге басқа бағыттан қарауға мүмкіндік жасайды. Кроссенспен қандай топтық жұмыс ұйымдастыруға болады? Топтасып кроссенс дайындау, дескрипторларды басшылыққа ала отырып тапсырманы бірлесе орындау; мәселені топта талқылау, шешімін ұсыну. Көрсетіл-

ген жұмыстарды атқару білім алушылар ұжымында топта бірлесе жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады. Жекелей тоқталатын болсақ; материалға анализ жасау барысында бір - бірімен ой бөлісіп, пікір алмасады, талқылау кезеңінде өз білімін тыңдау арқылы жетілдіреді, қабылданған ақпараттан бірлескен қорытынды шығарып бағалайды, туындаған мәселені бірлесе шешіп, қорғауға өз үлесін қосады.

Топтық жұмыс түрлері білім алушының танымын қабілеттерін қалыптастыруға, дамытуға, қызығушылық тудыруға тұлғаның туындайтын қиындықтарға әзір болуына, жеңе білуіне өзін – өзі өзектендіруіне жағымды ықпал етеді.

Кроссенспен жұмыс барысында басшылыққа алынатын қадамдар алгоритмі бар:

- ▶ берілген материалдың тақырыбын, ортақ идеясын табу;
- ▶ ортақ идеяны айшықтайтын 9 элемент таңдау;
- ▶ элементтер арасындағы байланысты іздеу, мазмұн реттілігіне қарай құрылымдау;
- ▶ әр элементтің ерекшелігін таныту;
- ▶ әр элементті сурет, картинамен сәйкестендіру;
- ▶ барлық элемент мазмұнын бір арнаға тоғыстыру.[5]

Кроссенсті пайдалану оқушыға жалаң суреттерді ұсынудан ғана тұрмайды. Бұл техниканы қолдануда қалыптасқан жүйеге сүйену керек. Оқылым дағдысын жетілдіруде кроссенс тәсілін қалай қолданып жүрміз, мысал етіп көрсетейік. Оқылым 3 кезеңнен тұрады: оқылымға дайындық, оқылым кезеңі және оқылымнан кейінгі кезең. Аталған 3 кезеңде қандай жұмыстар атқаруға болады?

1. «Оқылымға дайындық кезеңі»: білім алушыларға мәтін тақырыбына қатысты бұрын білетін ақпараттарын еске түсіру, көтерілетін мәселеге өз көзқарасын білдіру, бейнебаян көрсетіп, тақырып өзегін ашатын аудио тыңдау, қосымша тірек-схема, кесте, сурет-

терді алдын ала ұсыну - олардың назарын аударып, қызығушылық тудыруға ықпал етеді;


2. «Оқылым кезеңі»: білім алушылар негізгі ақпаратты қосалқы ақпараттан ажыратып, анализ жасауға, таныс емес түсініктерге анықтама беріп үйренеді.
3. «Оқылымнан кейінгі кезең»: ұсынылған материалды шолып, нақты ақпаратты бөліп алуға, мәселенің шешімін сұрауға болады. Жекелей, жұптаса, топтаса, ұжымдаса оқытуға мүмкіндік береді.

Ойды түйіндейтін болсақ, кроссенс негізінде оқушылар орындайтын қадамдар тізбегі келесі ретпен орналасады:

- ▶ білім алушыларға суреттер топтамасын ұсыну;

- ▶ кроссенстің идеялық арқауы болған мағыналық ұяшығын анықтау;
- ▶ суреттерді жүйелілік, мағыналық, ғылымилық принциптеріне сүйене отырып тізбектеу;
- ▶ дайын тізбекпен сөйлеу. [6]


Кроссенс оқыту үдерісінде тілдік 4 дағдыны қатар қамтуға мүмкіндік береді. Тыңдалым негізінде меңгерілетін ақпарат жайлы түсінік қалыптастырып, білім алушының қызығушылығын оятсақ, оқылымда берілетін мәтін негізінде білімін толықтырып қана қоймай, идеясы мен негізгі ақпаратын қосалқы ақпараттан ажыратып, көтерілген мәселеге қатысты анализ-талдау жасауға, шешім шығаруға мүмкіндік зор. Қамтылған ақпараттың керегін дәптерге түртіп алу негізінде жазылым дағдысына кезек береміз. Топтық, жұптық жұмыс кезеңінде жоба қорғау арқылы тілдесімді жүзеге асыруға болады. (4-сурет)



Практикада қолдану

Оқу жылының басында жоғары буын ІІ - сынып оқушыларымен нөлдік бақы-

лау жұмысы жүргізілді. Жұмыс нәтижесі төменде берілген (4- сурет):



Сурет 5 – «Нөлдік бақылау» көрсеткіші

ІІ – інші буын параллелінде білім көрсеткіші төмен болған ІІ «Г» сыныбы қадағалауға алынды. Жұмыс жүйесін реттеп, білім сапасын көтеру мақсатында оқушылардан сауалнама алынып, олқылықтар анықталды. Келесідей жұмыс алгоритмі құрылды:

- ▶ сабақ мақсатына жету үшін орындалатын нақты қадамдар;
- ▶ қадамдарды жүзеге асыру әдіс-тәсілдері және оны сабақтың әр кезеңінде қолдану;
- ▶ тілдік төрт дағдыны қамтитын тиімді әдістерді таңдау.

Осы нәтижелерден кейін және оқу процесінде әртүрлі технологияларды қолданып, тілдік дағдыларын жетілдіруге тырыстық. Бейнесабақтар қаралып, әдістемелік еңбектерге шолу жасалды.

Тиісті тәсілдер таңдалып күнделікті сабақ барысында қолданысқа енгізілді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар негізінде ІІ орыс сыныбында «Ұлттық өнер тарланда-


ры» тақырыбында өткен сабақтың кезеңдеріне тоқталайық.

Алынған сабақ мақсаты: ІІ.І.І.І тыңдалым мәтін үзіндісі бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу [7].

Сабақ мақсатына сай кроссенс тәсілі оқу процесінде қалай жүзеге асырылғанын көруге болады.

Кроссенс тәсілінің бірден қалай қолданылғанын көрсетпес бұрын алдымен тақырып алды берілген жұмыс жүргізілді.

Кроссенске дайындық кезеңі. Оқушылар сабақтың басында үш топқа бөлінді. Өткен тақырып жаңа тақырыппен байланысты болғандықтан өткен материал «қораптағы сөз» ойынымен тексерілді. Білім алушыларға тиісті дескриптор ұсынылғаннан кейін ойын мақсатына сай берілген терминдерге өз сөзімен анықтама берді. Бұл әдіс оқушылардың миын жаттықтырып, тез, шапшаң қимылдап, әрі сыни ойлап жауап беруге жағдай туғызды. (6-сурет)



Сурет 6 – «Қораптағы сөз» ойыны

Жаңа материалды игеру кезеңі. Оқушыларға сабақтың мақсаты мен зерттеу сұрағы қойылды. Тыңдалым дағдысын қалыптастыру мақсатында тақырыпты ашатын және ақпарат беретін, қызығушылығын оятатын бейнежазба ұсынылды. Оқушылар көрсетілген ақпарат негізінде тақырыпқа болжау жасап, мұғалімнің қорытынды сұрақтарына кері байланыс жасады.

Түсінігін тексеру кезеңі. Осы кезеңде кроссенс тәсілімен жұмыс істеу басталды. Алдымен оқушыларға өнер саласындағы үш тұлғаның өмірбаяны, шығармашылығынан хабар беретін ғылыми стильдегі мәтіндер таратылды. Білім алушыға ұсынылған дескриптор:

- ▶ мәтінмен танысып, оны жұпта, топта талқылау;
- ▶ берілген көмекші суреттердің негізінде кроссенстің ұлу жүйесіне сай мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау, дәптерге түртіп жазу;
- ▶ жұмысты басқа топтардың алдында қорғау;
- ▶ жүйелілік принципін ұстану. (7-сурет)

Бұл тәсілдің тиімділігі бірнеше тілдік дағдыны қамтиды: мәтінді оқу, мазмұнын

түсіну арқылы оқылым дағдысын дамытады, мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау негізінде дәптерге түртіп алып жазылымға төселеді, ақпаратты жүйелей отырып сын тұрғысынан ойлауға машықтанса, дайын болған постерді қорғау - тілдесім дағдысын қалыптастыруға болады, топтар арасында ауқымды ақпарат алмасу процесі жүзеге асады. Бір сөзбен айтқанда функционалдық сауаттылықты жан-жақты дамытуға мүмкіндік болады. Сондай-ақ, оқушылар арасында ынтымақтастық, бір-бірін қолдау, түсіну әрекеті орын алады, сыныптың ахуалы жақсарды.

Дүниежүзілік банктің тұжырымдамасын мысалға келтіргіміз келеді: «Білім беру саласындағы кез келген бағалау үдерісінің сапасы қолданылатын құралдардың сапасына тікелей байланысты. Қағида бойынша, егер құралдар нашар құрастырылған болса, онда бағалауға қатысты уақыт және қаражат босқа шығындалған болып шығады».

Сабақтың аяғында кері байланыс жүзеге асырылды. Оқу жүйесінде қамтылған кең көлемді ақпарат бойынша тест тапсырмалары әзірленді. Көмекші құрал ретінде socrative бағдарламасы таңдалды. Оның басты ерекшелігі: әр оқушыға жеке нұсқа автоматты түрде ұсынылады, сәйкесін-

ше көшіру ықтималдығы төмен. Тапсырма жылдамдыққа, белгілі бір уақыт мөлшерінде орындалады, интербелсенді тақтада білім алушының аты -жөнімен қатар әр сұрақтың дұрыс-бұрыс жауап бе-

руі пайыздық көрсеткішпен беріледі. Бұл жерде ұстаз да, оқушы да нәтижені айқын көреді: бірі бағаласа, екінші тарап ашық кері байланыс алады. (8-сурет)

Оқушыларға ұсынылған кроссенс тапсырмасы

Жұмыс нәтижесі

Сурет 7 – Оқушыларға ұсынылған мәтін, көмекші сурет, ассоциативті кроссенс кестесі және жұмыс нәтижесі

Тапсырма №	1-сұрақ	2-сұрақ	3-сұрақ	4-сұрақ	5-сұрақ	6-сұрақ	7-сұрақ	8-сұрақ	9-сұрақ	10-сұрақ	Барлығы
Оқушы №1	100%	100%	100%	100%	100%	100%	0%	0%	100%	100%	80%
Оқушы №2	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Оқушы №3	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Оқушы №4	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Оқушы №5	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Оқушы №6	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Оқушы №7	100%	0%	100%	100%	0%	0%	100%	100%	100%	100%	70%
Оқушы №8	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Оқушы №9	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Оқушы №10	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Оқушы №11	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	0%	0%	80%
Оқушы №12	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Сурет 8 – Кроссенстен кейінгі socrative бағдарламасымен жүргізілген кері байланыс нәтижесі

Кроссенстің маңыздылығын байқау мақсатында 11-сынып оқушылары арасында 2 кезеңде кері байланыс сауалнамасы алынды.


Сауалнама сұрақтары:

1. Тақырып қызықты болды ма?

2. Сабақ жүйесі ұнады ма?

3. Жұмыстың қай түрлері ұнады?


Кері байланыс сауалнама нәтижесіне сай білім алушылар төменгідей нәтиже көрсетті. (9-сурет)



Сурет 9 – Кроссенс тәсіліне дейінгі сауалнама нәтижесі

Оқу жылы барысында 11-сынып оқушылары Lesson Study технологиясы негізінде зерттелді. Оқу үдерісінде кроссенс тәсілі жүйелі түрде қолданылып отырды. Нәтижесінде, білім алушылардың зейіні артып, пәнге, қызығушылығы оянып, өздігінен білім алу үрдісі байқалды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізін-

де шығармашылық қабілеттері шыңдалды, алынған ақпаратты функционалдық тұрғыда өмірде қолдануға машықтанды, белсенді сөздік қоры толықты. Сауалнаманың екінші кезеңінде білім алушылардың өздері де коммуникативтік құзыреттілігінің жақсарғанын байқады. (10-сурет)



Сурет 10 – Кроссенс тәсілін қолданып жүргізілген жұмыстан кейінгі сауалнама нәтижесі

Ұсыныстар

Кроссенс – әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет ететін әдістеме әлеміндегі жаңа тәсілдің бірі. Ақпаратты тыңдамай, айтылымды толыққанды жүзеге асыру мүмкін емес. Мәтінді оқымай сауатты жазу, өз ойын қағаз бетіне түсіру оңай емес. Осы аталған әрекеттің барлығын кроссенс тәсілін тиімді ұйымдастыра отырып жүзеге асыруға болатынына көз жеткіздік.

Кроссенстің артықшылығы оқу процесінің мынадай кезеңдерінде пайдалануға болады:

- ▶ қайталау жұмысын жүргізуде;
- ▶ өткен тақырыпты пысықтауда;
- ▶ ескі тақырып пен жаңа тақырып арасындағы байланысты анықтауда;
- ▶ жаңа тақырыпты болжауда;
- ▶ негізгі тақырыпты ашуда;
- ▶ белгілі бір тақырыпты немесе бөлімді қорытындылауда;
- ▶ кері байланыс орнатуда;
- ▶ функционалдық сауаттылықты дамытуда;
- ▶ негізгі төрт тілдік дағдыны жетілдіруде.

Кроссенс тәсілін қолдануда келесі қадамдарға жүгінуді ұсынамыз:

- ▶ кроссенс принциптеріне бағыну;
- ▶ кроссенс алгоритмін басшылыққа алу;
- ▶ кроссенске дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- ▶ топтық, жұптық жұмыс ережесін ұстану;
- ▶ мәтіндегі және мәтіннен тыс ақпараттарды біріктіре отырып, кроссенс жүйесіне сай ұжымда қорғау;
- ▶ жұмыс барысында білім алушыларға нақты қадам көрсететін дескриптор ұсыну;
- ▶ мәтінмен жұмыс барысында негізгі ақпаратты дәптерге түртіп алып, есте сақтау;

- ▶ алған білімнің нәтижесін кері байланыс арқылы тексеріп, бағалау.

Оқушылардың қазақ тілін үйренуге деген ынтасын арттыруда мұндай шығармашылық жұмыстардың маңыздылығы зор екенін кроссенс тәсілі көрсетіп отыр.

Қорытынды

Зерттеу және практика нәтижесі көрсеткендей, сабақ барысында кроссенс тәсілі – тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын қалыптастыруда, оларды дамытуда мол ықпалын тигізуде және оқитудың ең тиімді тәсілі деп айтуға болады.

Тілдік пәндерді оқытуда қолданылған кроссенс тәсілі білім алушылардың тыңдалым дағдысы бойынша бейне, аудио материалдардың негізінде қызығушылығын арттырды, тақырып бойынша түсінікті қалыптастырды, жаңа тақырыпты болжады, орфоэпиялық норма сауаттылығын арттырды. Сол сияқты айтылым дағдысы бойынша білім алушылардың белсенді сөздік қоры молайды, еркін сөйлеуге дағдыланды, коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасты. Ал, оқылым дағдысы бойынша оқушылардың мәтінмен дұрыс жұмыс жүйесі орнықты, мәтіннің стилін, жанрлық ерекшеліктерін анықтап, негізгі және қосымша ақпаратты ажыратты. Жазылым дағдысы бойынша оқушы эссе жазуға машықтанды, орфографиялық нормаға сай сауатты жазуға төселді, шығармашылық қабілеті артты және өз көзқарасын, ойын жетік жеткіуге үйренді.

Қорытындылай келе, аталған дағдылардың бағыттары іс жүзіне асса, білім алушылардың функционалдық сауаттылығы артып, сыни ойлауға дағдыланды, есте сақтау қабілеті жетіледі, қазақ тілі коммуникация тіліне айналады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы
2. **Канцур А.Г., Ширяева, А.Д.** Технология «Кроссенс» как средство развития иноязычной коммуникативной компетенции // Проблемы романо-германской филологии, педагогики, и методики преподавания

давания иностранных языков. Научный журнал, Перм, 2020 год, 121-126 с.

3. **Мамонтова Е.А.** Кроссенс как один из приемов технологии критического мышления при обучении иностранному языку в контексте ФГОС // Научный поиск. Ивановский государственный университет, 2020 год, 12-14 страницы
4. **Чернышева, Е.А., Рубан, О.Ю.** Кроссенс - технология развития ассоциативного мышления // Научное образование. Белгород, Россия, 2023 год, страницы 51-52 с.
5. **Литвяк, О.В. Скрипичникова, Н.С.,** Технология кроссенс-как прием формирования положитель-

ной мотивации в обучении иностранным языкам // Наука, образование, инновации: актуальные вопросы и современные аспекты. Сборник статей XX Международной научно-практической конференции. Пенза, 2024 год, 120-122 с.

6. **Попова О.В.** Кроссенс как прием развития логического и творческого мышления учащихся на уроках русского языка и литературы // Региональное образование XXI века: проблемы и перспективы. Тюмень, 2019 год, 37-28 страница
7. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

● СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВЫХ НАВЫКОВ С ПОМОЩЬЮ КРОССЕНС-ПОДХОДА

Оспанова Г.Е., Алпысбекова Г.А.

ГКП ПХВ «Школа-гимназия №3» акимата города Астаны

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы формирования коммуникативных навыков, языковых компетенций, актуальных в современной системе среднего образования, совершенствование функциональной грамотности на основе технологии критического мышления. Описаны последовательность и принципы работы с подходом кроссенса. Проанализированы пути развития четырех языковых навыков обучающихся в процессе обучения с помощью Кроссенс-подхода. В результате методического исследования было установлено что учащиеся обладают навыками совместной работы в группе, обсуждения темы, дифференциации ключевых моментов, критического мышления. Статья будет полезна учителям-языковедам, методистам, будущим лингвистам и студентам.

Ключевые слова. кроссенс подход, функциональная грамотность, чтение, аудирование, произношение, общение, письмо.

● WAYS TO DEVELOP LANGUAGE SKILLS USING A CROSS-REFERENCE APPROACH

Ospanova G.E., Alpysbekova G.A.

GKP PHV "Gymnasium school No. 3" of the akimat of Astana city

Annotation. This article discusses the issues of formation of communicative, linguistic competencies relevant in the modern system of secondary education, improvement of functional literacy based on critical thinking technology. The sequence and principles of working with the crossens approach are described. The ways of developing four language skills of students in the learning process using a Cross-reference approach are analyzed. As a result of the methodological research, it was found that students have the skills to work together in a group, discuss a topic, differentiate key points, and think critically.

The article will be useful for language teachers, methodologists, future linguists and students.

Keywords: cross-reference approach, functional literacy, reading, listening, pronunciation, communication, writing.

ӘДІСТЕМЕЛІК КОМПАС МЕТОДИЧЕСКИЙ КОМПАС



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢДАР!

Сіздерге педагогтер мен әдіскерлерге кәсіби қызметінде қолдау көрсету үшін құрылған кезекті «Әдістемелік компас» айдарын ұсынып отырмыз. Бұл бөлімде біз әдістемелік құзыреттілікті дамытуға және білім беру процесінің сапасын жақсартуға көмектесетін материалдарды жариялаймыз.

Осы шығарылымда «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

туралы» Әдістемелік нұсқау хаты, Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар және Оқу сауаттылығы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктеріне әсер ететін факторларды зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық есеп берілген.


Осы құжаттардың толық нұсқасымен Академия сайтында танысуға болады:

► <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=1>

Әдістемелік ұсынымдар

1

«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат



Әдістемелік нұсқау хатта Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектепалды және 1-11-сыныптарында 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген.

ӘНХ мыналар кіреді: ҚР жалпы білім беретін мектептеріндегі білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға сілтемелер; бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының ерекшеліктері бойынша түсініктемелер; бастауыш,


негізгі орта және жалпы орта білім берудің МЖМБС, ҮОЖ, ҮОБ іске асыру жөніндегі ұсынымдар; білім беру процесінде цифрлық шешімдерді қолдану бойынша ұсынымдар; тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар; инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар; арнайы білім беруді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар; ішкі және сыртқы бағалауды жүргізу бойынша ұсынымдар; білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларының үздіксіз кәсіби дамуын әдістемелік сүйемелдеу, мектепішілік бақылауды ұйымдастыру мен мектептің дамуын жоспарлау бойынша ұсынымдар.

2024-2025 оқу жылындағы өзекті міндеттер білім алушылардың академиялық адалдығын дамыту, білім беруді жақсарту үшін жасанды интеллектіні қолдану, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жүргізу болады.

Әдістемелік нұсқау хат орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

2


Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар



Әзірленген әдістемелік ұсынымның мақсаты – оқу процесінде жасанды интеллектіні қолдану туралы түсінік беру және оны пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар беру болып табылады. Әдістемелік зерттеу еңбегінде ЖИ-ті оқу процесіне интеграциялаудың негізгі аспектілері, соның ішінде қолайлы құралдар мен ресурстарды таңдау, ЖИ-пен сабақ әзірлеу және білім беруде ЖИ-ті қолданудың этикалық және құқықтық аспектілері қарастырылды. Ұсыныстар оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға және оқу тәжірибесінің заманауи талаптары мен стандарттарына сәйкестікті сақтауға бағытталған.

Аталған әдістемелік ұсынымдар барлық санаттағы педагогтер, орта және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының әкімшілігі, сондай-ақ білім басқармалары мен әдістемелік кабинеттердің қызметкерлеріне арналады.

3

Оқу сауаттылығы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктеріне әсер ететін факторларды зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық есеп

Бұл аналитикалық есепте оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша оқу жетістіктеріне әсер ететін факторларға кешенді зерттеу нәтижелері берілген. Сауалнамаға ел мектептерінің 12 мыңнан астам білім алушысы мен педагогы респондент ретінде қатысты. Есепте білім алушылардың оқу дағдыларын дамыту және жетілдіру бойынша өзекті зерттеулерге, отандық және халықаралық тәжірибеге шолу жасалған. Зерттеу барысында оқушылардың оқу дағдысының дамуына әсер ететін ынталандырулар мен негізгі кедергілер анықталды. Әдістемелік ұсыныстардың бір бөлігі «Тіл және әдебиет» пәндері мұғалімдеріне оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту бойынша оқыту стратегияларын құруға пайдалы болады. Сонымен қатар Аналитикалық есеп орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға арналған жалпы ұсыныстарды да қамтиды.

Аталған есеп орта білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне, оқу-әдістемелік орталықтардың, білім басқармалары мен бөлімдерінің әдіскерлеріне ұсынылады.

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Предлагаем вашему вниманию очередную рубрику «Методический компас», посвященную методической помощи педагогам и методистам в их профессиональной деятельности. В этом разделе мы публикуем материалы, которые помогут развить методическую компетентность и улучшить качество образовательного процесса.

В данном выпуске представлены Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях образовательного процес-

са в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2024-2025 учебном году», Методические рекомендации по применению искусственного интеллекта в системе среднего образования и Аналитический отчет по результатам исследования факторов, влияющих на учебные достижения обучающихся по читательской грамотности.

С полной версией этих документов можно ознакомиться на сайте Академии:

► <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=1>

Методические рекомендации

1

Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2024-2025 учебном году»




Настоящее Инструктивно-методическое письмо включает материалы по организации учебно-воспитательного процесса в дошкольных и 1-11-х классах организаций образования Республики Казахстан в 2024-2025 учебном году.

ИМП включает: ссылки на основные нормативные документы, регламентирующие образовательный процесс в общеобразовательных школах Республики Казахстан; пояснения по особенностям ТУП начального, основного и общего среднего образования; рекомендации по реализации ГОСО, ТУП, ТУП_р начального, основного и общего среднего образования; рекомендации по применению цифровых решений в образовательном процессе; рекомендации по организации воспитательной работы; рекомендации по организации инклюзивного образования; рекомендации по организации специального образования; рекомендации по проведению внутреннего и внешнего оценивания; рекомендации по методическому сопровождению непрерывного профессионального развития педагогов и руководителей организаций образования, организации внутришкольного контроля и планированию развития школы.

Актуальными задачами в 2024-2025 учебном году будут развитие академической честности обучающихся, применение искусственного интеллекта для улучшения образования, работа со слабоуспевающими обучающимися.

Сборник адресован руководителям, педагогам организаций дошкольного воспитания и обучения, среднего образования, методистам, руководителям и специалистам управлений образования, департаментов по обеспечению качества в сфере образования.


2

Методические рекомендации по применению искусственного интеллекта в системе среднего образования

Цель разработанных методических рекомендаций – дать представление об использовании искусственного интеллекта в учебном процессе и предложить практические советы по его применению. В исследовательской работе рассмотрены ключевые аспекты интеграции ИИ в образовательный процесс, включая выбор подходящих инструментов и ресурсов, разработку уроков с использованием ИИ, а также этические и правовые аспекты его применения в образовании. Рекомендации направлены на повышение эффективности образовательного процесса и соответствие современным требованиям и стандартам образовательной практики.

Методические рекомендации предназначены для всех категорий педагогов, администрации образовательных организаций среднего и профессионально-технического звеньев, а также для сотрудников управлений образования и методических кабинетов.

3

Аналитический отчет по результатам исследования факторов, влияющих на учебные достижения обучающихся по читательской грамотности

В настоящем аналитическом отчете представлены результаты комплексного исследования факторов, влияющих на учебные достижения обучающихся по читательской грамотности. В опросе в качестве респондентов приняли участие более 12 тысяч обучающихся и педагогов школ страны. В отчете представлен обзор актуальных исследований, отечественного и международного опыта по развитию и совершенствованию учебных навыков обучающихся. В ходе исследования были выявлены сти-

мулы и основные препятствия, влияющие на развитие навыков чтения у учащихся. Часть методических рекомендаций будет полезна учителям предметов «языка и литературы» для разработки стратегий обучения по развитию читательской грамотности учащихся. Также Аналитический отчет включает общие рекомендации для центральных государственных и местных исполнительных органов.

Данный отчет представляется руководителям и педагогам организаций среднего образования, методистам учебно-методических центров, управлений и отделов образования.



ҚҰРМЕТТІ ГҮЛДАРИҒА МЕРЕКЕБАЙҚЫЗЫ!

Сізді өмір жолындағы биік белес – 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы ғұмырыңызды қазақ филология ғылымының салаларын зерттеуге және орта білім беру жүйесінің тіл мен әдебиет пәндерінің академиялық мазмұнын жетілдіруге арнадыңыз. Алтынсарин академиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету стратегиясын да жүзеге асыруға зор үлесіңізді қосып келесіз.

Сіз еліміздің іргелі педагогикалық жоғары мектептері мен ғылыми академиялық ортасында ұзақ жылғы адал еңбегіңізбен зерделі сарапшы әрі практик маман ретінде танылдыңыз.

Қымбатты Гүлдарига Меркебайқызы, айтулы күнде Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат пен бақ-береке тілейміз!

***Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
ұжымы***

Кенжебаева Гүлдарига Меркебайқызы – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты.

1983 жылы Қарағанды қаласында есеп-кредит техникумын бітіріп, жинақ-банк бухгалтері мамандығын алған. Мамандығы бойынша үш жыл жұмыс жасағаннан кейін Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетіне оқуға түсіп, «Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы» мамандығын иеленген. Аталған универси-

тетте 1992 жылдан еңбек жолын аға зертханашыдан бастап оқытушы, аға оқытушы болып қызмет атқарды. Жұмыс жасаған кафедрасында ізденуші бола жүріп, 2010 жылы профессор Ғабдолла Қалиевтің жетекшілігімен қазақ тілінен кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 2021 жылдан Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Қазақ филологиясы зертханасының жетекші ғылыми қызметкері ретінде еңбек етіп келеді.

Қазақ тілі теориясы және оны оқыту әдістемесіне байланысты 4 оқу құралы, бірнеше оқу-әдістемелік кешендер, әдісте-

мелік нұсқаулықтар мен шетелдік, отандық басылымдар мен конференцияларда мақалалары жарияланған.

Абай атындағы Ұлттық университетте «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Академиялық жазылым» пәндерінен дәріс оқып, жалпы білім беретін орта мектептермен педагогикалық, өндірістік практикаға қатысты жұмысқа жетекшілік жасады. Жалпы білім беретін мектептердегі 5-11-сыныптар бойынша педагогикалық және өндірістік практикадан өтетін студенттерге әр оқу жылында жетекшілік жасап отырған, 3-курстар үшін педагогикалық практика күнделігін, 4-курстар үшін өндірістік практика күнделігін, магистранттар мен докторанттар үшін ғылыми-зерттеу практикасы күнделіктерін дайындаушы авторлардың бірі.

Академия ұжымына зерттеуші ғалым, білікті маман, әдіскер әрі практик ретінде танылған ғалым ғылыми-әдістемелік және әдіснамалық сүйемелдеу жұмысын жоғары жауапкершілікпен жүзеге асыруда. Ол жаңа оқу жылының басты құжаты – Әдістемелік нұсқау хатын әзірлеу жұмысына да белсенді қатысады.

Г.М. Кенжебаева еліміздің әр өңіріндегі мектеп жасындағы балалар шығармашылығын дамыту және өнерлі өрендерді ынталандыру мақсатында Алтынсарин академиясының ұйытқы болуымен шығармашылық байқаулар ұйымдастырады. 2022 жылы «Балалар жылы» және атаулы күндерге орайластырылған «Әлем балалар көзімен» атты балалар шығармаларының жинақтарын құрастырып, баспадан шығарды.

Әр жылдары өзінің педагогикалық қызметі үшін 2017 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің маман даярлауға сіңірген еңбегі үшін «Үздік ұстаз» төсбелгісімен, 2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрінің Алғыс хатымен марапатталған.

Гүлдарига Мерекебайқызы жалпы білім беретін мектептердің «Қазақ тілі» пәні бойынша 1-11 сыныптарына арналған оқу бағдарламалары, 1-11 сыныптарға арналған оқу жоспарларын әзірлеуші жұмыс тобының жетекшісі ретінде мемлекеттік маңызды құжаттарды әзірлеуде тәжірибесі мен білімін көрсетіп отыр.

Мерейтой иесінің адами қасиеттері, адал еңбегі мен кәсіптік біліктілігі қызметтес жас әріптестері үшін өнегелі үлгі екені даусыз.

«АЛТЫНСАРИН АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жарияланымдарға қазақ, орыс, шет тілдеріндегі мақалалар қабылданады. Мақалаларды авторлар мұқият тексеріп, өңдеуі керек.
2. Мақалалар компьютерде терілуі керек, аралық интервал – 1, өрістер: сол жағы - 30 мм, оң жағы - 15 мм, жоғарғы жағы - 20 мм, төменгі жағы - 20 мм, сондай-ақ «Windows-ке арналған Word» мәтіндік редакторындағы электронды мақала қабылданады.
3. Мақаланың көлемі (әдебиеттер тізімін, кестелерді, суреттер, олардың атауын қоса алғанда) 10 беттен аспауы тиіс.
4. Суреттер көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспауы тиіс.
5. Мақалалар келесі ережелерге сәйкес қатаң түрде рәсімделуі керек:
 - ▶ ФТАМР (ғылыми техникалық ақпараттың мемлекетаралық айдары) <https://grnti.ru/>;
 - ▶ мақаланың тақырыбы мақала мазмұнын толықтай ашуы керек және 12 сөзден аспауы керек. Техникалық параметрлер: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, қалың, абзац орталықтандырылған болуы керек;
 - ▶ автордың (авторлардың) аты-жөні мен тегі, сондай-ақ мекеменің толық атауы мынадай техникалық параметрлерге сәйкес келуі тиіс: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, орталықтандырылған абзац;
 - ▶ аңдатпа мақаланың негізгі ақпаратын қамтуы керек, көлемі 100 сөзден аспағаны жөн. Аңдатпа қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі. Аңдатпа келесі параметрлерді сақтауы керек: кегль - 12 пункт, гарнитура - Times New Roman, көлбеу (курсив), солдан оңға шегініс - 1 см, жоларалық интервал – дара;
 - ▶ түйінді сөздер аңдатпадан кейін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс және 4-7 сөз жеткілікті. Түйінді сөздер келесі параметрлерді сақтауы керек: кегль - 12, гарнитура - Times New Roman, көлбеу (курсив), сол-оң жақ шегініс - 1 см, жоларалық интервал – дара;
 - ▶ мақала мәтіні: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, жоларалық интервал – дара;

Мақаланың құрылымы: кіріспе, әдістеме, практикада қолдану, ұсыныстар, қорытынды және қолданылған деректер тізімінен тұрады.

МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (1500 – 2500 сөз)

Кіріспе (200-400 сөз)

Кіріспеде әдістемелік мақала тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігін жазылу керек. Мақаланың мақсаты мен міндеттерін тұжырымдап, осы тақырып бойынша жазылған отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалады.

Әдістеме (400-750 сөз) *(технологияны қолдану / озық педагогикалық тәжірибе / авторлық бағдарлама / әдіс / тәсіл)*

Бұл бөлімде әдістеменің толық сипаттамасы ұсынылады. Оның ерекшеліктері, негізгі реттілігі мен принциптерін сипаттау керек. Білім беру немесе оқушылармен жұмыс істеу процесінде қолданылатын әдістер жазылады.

Практикада қолдану (500-850 сөз)

Бұл бөлім әдістемені іс жүзінде қалай нақты қолданылғанын көрсетуге арналған. Сабақтар, авторлық бағдарлама, жобалар немесе басқа білім беру іс-шаралары сияқты әдістемені нақты білім беру процесінде қолдану барысын келтіреді. Әдістемені қолдану нәтижелерін талдау және оның тиімділігіне баға береді. Сонымен қатар осы бөлімде әдістемені қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері де жазылады.

Ұсыныстар (200-250 сөз)

Ұсыныстар бөлімінде басқа педагогтерге әдістемені оқу процесіне сәтті енгізу бойынша ұсыныстар беріледі. Бұл әдістемелерді қолдануға дайындық бойынша кеңестер, нәтижелерді бағалау әдістері, әртүрлі оқу топтары мен контекстерге бейімделу және басқа да практикалық ұсыныстар жазылады.

Қорытынды (200-250 сөз)

Қорытынды – бұл әдістемелік мақаланың соңғы, бірақ маңызды бөлімі. Бұл бөлімде мақалада жазылған ойлардың, әдістемелердің, олардың практикада қолданылуы бойынша жалпы тұжырымы жасалынады. Қорытынды қысқа, бірақ

мазмұнды болуы керек және педагогтердің практикалық қызметі мен білім беру процесін дамыту үшін зерттеудің маңыздылығын атап өтуі керек.

Қолданылған деректер тізімі

Осы журналға арналған әдебиеттер тізімінде мақала мәтінінде сілтеме жасалған дереккөздер ғана көрсетілуі керек. Тізімді жасамас бұрын, тізімдегі барлық дереккөздердің мақалада болғандығын тексеру керек. Сондай-ақ ел ішіндегі зерттеулер мен жарияланымдарға негізделген жұмыстарды қоса алғанда, отандық көздердің болуы міндетті. Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 сәйкес ресімделуі керек. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде берілуі керек. Мақалада келтірілген сілтемелер нөмірленген және төртбұрышты жақшада болады.

- ▶ кестелер мәтіндегі сілтемеден кейін орналастырылады, оларды мәтінде атап өту ретімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы болады. Диаграммалар мен графиктер кестелерді қайталамауы керек. Кестелердің материалы мәтінге қосымша сілтеме жасамай-ақ түсінікті болуы керек. Кестеде қолданылған барлық қысқартулар оның астында орналасқан жазбада түсіндірілуі керек;
 - ▶ суреттер TIFF кеңейтімі бар жеке файлдармен ұсынылады (*.TIF) немесе JPG (Word бағдарламасына ендірілмеген). Әр суретте мәтінде бір сілтеме болуы керек, суреттердегі нөмірлеу өтпелі болуы керек, суреттерге қолтаңбалар жеткілікті толық ақпаратты қамтуы керек;
 - ▶ қысқартулар тек жалпы қабылданған – өлшем атауларын, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдерді және т. б. қолдануға рұқсат етіледі;
 - ▶ математикалық формулаларды Microsoft Equation ретінде теру керек (әр формула бір объект).
6. Редакция мақаланы әдеби және стилистикалық өңдеумен айналыспайды. Талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялауға қабылданбайды.

7. Мақаланың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберілуі керек: **bak@uba.edu.kz**

8. Байланыс телефоны: 8(7172) 725882

9. Жеке бетте автор туралы мәліметтер болуы керек: толық аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы (болған жағдайда), біліктілік санаты, жұмыс орны;

- ▶ мақаланың атауы және автордың (авторлардың) тегі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде («Мазмұны» үшін);

10. Басылымда мақала жариялау ақылы. Бір мақала (көлемі 10 парақтық) құны - 5058 теңге тұрады.

Мақаланы қарау тәртібі

Журналдың электрондық поштасына келіп түскен **мақалалар келесі талаптар бойынша қаралады:**

- ▶ техникалық рәсімделуі;
- ▶ құрылымға сәйкес жазылуы;
- ▶ журналдың тақырыптық бағытына сәйкестігі;
- ▶ лицензияланған Антиплагиат жүйесінде тексеру;
- ▶ жасанды интеллектіні қолдану;
- ▶ рецензиялау;
- ▶ редакциясы алқа мүшелерінің ұсыныстары негізінде қайта өңдеу және толықтыру.

Рецензентті журнал редакциясы ұсынады. Рецензиялауға журнал талаптарына сай келетін және мақала мәтіннің кемінде **60%-ы түпнұсқалығы (бірегейлігі)** болып табылатын академиялық жазбалар жіберіледі. Рецензиялау мерзімі – екі апта.

Басылымда мақала жариялау **ақылы**. Көлемі 10 парақтан аспайтын бір мақала 5058 теңге тұрады. Төлем мақала рецензиялаудан өтіп, талаптарға сәйкестігі туралы түпкілікті шешімнен кейін ғана Академияның банктік шоты арқылы қабылданады.

Жариялауға тек талаптарға сәйкес келетін мақалалар қабылданатын мәлімдейміз.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ МЕТОДИЧЕСКОГО ЖУРНАЛА «ВЕСТНИК АКАДЕМИИ АЛТЫНСАРИНА»

1. К публикациям принимаются статьи на казахском, русском, иностранных языках. Статьи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.
2. Статьи принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word для Windows».
3. Объем статьи (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.
4. Объем рисунков не должен превышать 1/4 объема статьи.
5. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:
 - ▶ МРНТИ (межгосударственный рубрикатор научной технической информации) <https://grnti.ru/>;
 - ▶ заглавие статьи должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 12 слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, жирные, абзац центрованный;
 - ▶ инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), а также полное название учреждения должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, абзац центрованный;
 - ▶ аннотация должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 100 слов, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman, курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;
 - ▶ ключевые слова (4-7 слов): на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman, курсив, абзац - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;
 - ▶ текст статьи: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал - одинарный;

Структура статьи: введение, методика, практическое применение, рекомендации, заключение и список использованных источников;

СТРУКТУРА СТАТЬИ (1500-2500 слов)

Введение (200-400 слов)

Во введении следует изложить важность и актуальность темы методической статьи. Формулируя цель и задачи статьи, следует дать обзор отечественной и зарубежной литературы, посвященной данной теме.

Методика (400-750 слов)

В этом разделе будет представлено подробное описание методики. Необходимо описать, как она разработана, основные этапы и принципы. Записать методы, используемые в процессе обучения или работы с учащимися.

Практическое применение (500-850 слов)

Этот раздел предназначен для демонстрации того, как методика была применена на практике. Предоставить опыт применения автором конкретной методики, как уроки, авторская программа, проекты или другие образовательные мероприятия, в реальном образовательном процессе. Проанализировать результаты применения методики и оценить ее эффективность. В этом разделе также описать преимущества и недостатки использования методологии.

Рекомендации (200-250 слов)

В разделе с рекомендациями предоставить рекомендации для других педагогов по успешному внедрению методики в учебный процесс. Сформулировать советы по подготовке к использованию данных методик, методы оценки результатов, адаптацию к различным учебным группам и контекстам, а также другие практические рекомендации.

Заключение (200-250 слов)

Заключение - это последний, но важный раздел методической статьи. В данном разделе делается общий вывод по изложенным в статье соображениям, методикам, их практическому применению. Заключение должно быть кратким, но содержательным и подчеркивать важность исследований для развития практической деятельности педагогов и образовательного процесса.

Список использованных источников

В списке литературы для данного журнала должны быть указаны только те источники, на которые ссылаются в тексте статьи. Перед составлением списка следует проверить, что все перечисленные источники были упомянуты в статье. Также обязательным требованием является наличие отечественных источников, включая работы, основанные на исследованиях и публикациях внутри страны. Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003. Все ссылки должны быть даны на языке оригинала. Ссылки и сноски, приведенные в статье, пронумеровываются и заключаются в квадратные скобки.

- ▶ таблицы помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;
 - ▶ рисунки (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков – сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;
 - ▶ сокращения разрешаются применять только общепринятые — названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;
 - ▶ математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).
6. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.
7. Электронный вариант статьи следует направлять по электронной почте: bak@uba.edu.kz
8. Контакт. тел.: 8(7172) 725882

9. На отдельной странице приводятся сведения об авторе: Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание (если есть), квалификация, место работы;

- ▶ название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

10. Басылымда мақала жариялау ақылы. Бір мақала (көлемі 10 парақтық) құны - 5058 теңге тұрады.

Порядок рассмотрения статьи

Статьи, поступившие на электронную почту, рассматриваются по соответствию **следующим требованиям:**

- ▶ техническое оформление;
- ▶ написание статьи в соответствии со структурой;
- ▶ соответствие тематической направленности журнала;
- ▶ проверка в лицензированной системе Антиплагиата;
- ▶ использование методов искусственного интеллекта;
- ▶ экспертный анализ (**рецензирование**);
- ▶ переработка и дополнение на основании предложений членов редакционной коллегии.

Рецензента назначает редакция журнала. К рецензированию допускаются статьи, соответствующие требованиям журнала и обладающие **уникальностью текста не менее 60%**. Срок рецензирования составляет две недели.

Публикация статьи в журнале является **платной**. Стоимость одной статьи объемом до 10 страниц – **5058 тенге**. Оплата производится через банковский счет Академии только после **успешного прохождения рецензирования и принятия окончательного решения** о соответствии статьи установленным требованиям.

К публикации принимаются статьи, полностью соответствующие требованиям журнала.

Журналдың құрылтайшысы:
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
«Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК.

Журнал 2023 жылдың
наурызынан шыға бастады.
Басылым 3 айда бір рет шығады.

Журнал Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің Ақпарат комитетінде
қайта есепке қойылған
(2023 жылғы 20 ақпандағы Мерзімді баспасөз
басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке
қою туралы №KZ35VPY00064971 кәулік).

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар
редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің анықтығына,
сондай-ақ стилистикалық қателерге
авторлар жауапты.

Журналға шыққан материалдарды
редакцияның келісімінсіз
көшіріп басуға болмайды.

Мекенжайы:
010000, Астана қ.,
Мәңгілік Ел даңғ., 8/2
«Алтын Орда» БО.
E-mail: bak@uba.edu.kz
Басуға 27.09.2024 ж. қол қойылды.
Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 10.25. RISO басылым.
Таралымы - 300 дана.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның
Дизайн және полиграфиялық қызметтер
бөлімінде басылып шығарылды.

Учредитель журнала:
РГП на ПХВ «Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина»
Министерства просвещения
Республики Казахстан.

Журнал издается с марта 2023 года.
Периодичность 1 раз в 3 месяца.

Журнал поставлен на переучет в Комитете
информации Министерства информации и
общественного развития
Республики Казахстан
(Свидетельство №KZ35VPY00064971
о переучете периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
от 20 февраля 2023 года).

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы
не отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достоверность
фактов и сведений в публикациях,
а также за стилистические
ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов,
опубликованных в журнале,
допускается только с согласия редакции.

Наш адрес:
010000, г. Астана,
пр. Мәңгілік Ел, 8/2,
БЦ «Алтын Орда».
E-mail: bak@uba.edu.kz
Подписано в печать 27.09.2024 г.
Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 10.25. Печать RISO.
Тираж - 300 экз.

Отпечатано в Отделе дизайна
и полиграфических услуг
НАО им. И. Алтынсарина.